

ҚАЗАҚ ТІЛІ СЕНІ ЖЕРГЕ ТЫҒЫП ЖІБЕРМЕСІН, СЕРИКЖАН!

3-бет



СӘКЕНТАНУҒА ЖАҢАША КӨЗҚАРАС ҚАЖЕТ

7-бет



ТАЙНЫ, СОКРЫТЫЕ В РУИНАХ ДРЕВНИХ СТОЛИЦ ЮЖНОГО КАЗАХСТАНА

13-бет


# ҚАЗАҚ ҮНІ
QAZAQ ÚNI

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ АПТАЛЫҚ

www. qazaquni. kz || qazaquni2000@gmail. com || 2000 jylǵy 11 tamyzdan shyǵa bastady || №18 (836), 10 mamyr, 2019




## ОТАН ОТБАСЫНАН БАСТАЛАДЫ

*Батыр Бауыржан әңгімелерінен*

8-9 бет



Бірінші мамыр – Ынтымақ пен бірлік күнін тойламаққа көшеге шыққан көкөрім қыздардың көргені – мынадай еңгезердей поицейлердің бәрі жабылып, сүйрей жөнелуі болса, жетіскен екенбіз. Мына қыздың аты-жөні кім деген сұрақтан бұрын, мына дөкірлердің аттары кім деген сұрақ көкейде бірінші тұрады.. Иә, бұл жас қызды жабылып сүйреп жылатып бара жатқан мына погон таққан үшеудің аттары кім, кімнің баласы, кімнің ағасы немесе әкесі? Бұлар кімнің туысы, досы, ағайыны, көршісі? Бұлардың мына қыздардай қарындастары, қыздары жоқ па? Бәріміз жабылып, осы оспадарларды анықтайықшы, аты-жөндерін жариялайықшы!

# БІЗДІҢ ПОЛИЦИЯНЫҢ ДЕҢГЕЙІ... ҚАНДАЙ, МИНИСТР МЫРЗА?

3 бет



# ҚАСЫМ БАТЫРДЫҢ ЖҰЛДЫЗЫ

**Жеңіс мейрамы қарсаңында Қазақстанның Халық қаһарманы Қасым Қайсеновпен жолығуға келе жаттым. 2004 жылдың 7-мамыры еді. Түс әлеті. Көп сөйлесу ойда жоқ. Тек қолтаңбасын алуым керек. Анығырағы – газеттің мерекелік нөміріне әйгілі партизанның өз қолымен жазып берген бір ауыз тілегін жариялауға ниеттенгенбіз.**

5 бет




## М.ӘУЕЗОВ ЖАЗҒАН «ҚИЛЫ ЗАМАНДАҒЫ» КӘРІБОЗ КІМ?

**«Ораза он екі айдың падишасы, Бұл айда қабыл болар көздің жас», – деп бұдан бір ғасыр бұрын жырға қосқан Кәрібоз Қаңтарұлы «Мархаба иа рамазан» атты қиссасы мұсылманның бес парызының бірі –ораза айы туралы жырлағанын біздер біле де бермейміз.**

14 бет

# КОГДА ОТМЕНЯТ «РЕФОРМЫ» ЕРЛАНА САГАДИЕВА?!



**Проблема преподавания четырех школьных предметов на английском языке, которую общественность поднимала на протяжении последних лет, наконец, решается. «Моя позиция: во-первых, должен быть казахский язык, русский язык. Они очень важны для наших детей. И только потом обучать английскому» – это взвешенная оценка президента Касым-Жомарта Токаева нашумевшей проблемы.**

10 бет

050006, Алматы қаласы, Қалқаман-3 ықшамауданы, К. Сейітов көшесі, 11 үй. Байланыс телефоны: 8(727)398-57-31 Жазылу индексі – 65380

# БЕЙБІТ КҮННІҢ БАТЫРЛАРЫ МАРАПАТТАЛДЫ

**Елімізде 7-мамыр күні жыл сайын аталып өтетін Отан қорғаушылар күні қарсаңында ерліктері мен ерен еңбектері еленген әскерилер, төтенше жағдай қызметкерлері, құқық қорғаушылар ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың қолынан марапат алды.**



Жүзден жүйрік шыққандар Ақордаға арнайы шақырылып, мемлекет басшысы адам өмірін апаттан арашалап, ел тыныштығын күзетіп жүргендерді төл мерекесімен құттықтап, жоғары әскери атақтар мен мемлекеттік марапаттарды салтанатты түрде тапсырды. Әдетте, мемлекет басшысы Ақорданың мәрмәр залында шетел елшілерін қабылдайтын. Бұл жерде халықаралық дәрежедегі маңызды құжаттарға қол қойылады. Ал бүгін сол құрметтің бәрі сап түзеген әскерилерге көрсетілді.

Нәзік жандылар арасынан үздік шыққан прокурор Радимхан Дубаева мемлекет басшысының қолынан «Құрмет» орденін алды. Батырлығымен көзге түскен 25 жасар Аянбек Кенжешов «Ерлігі үшін» медалімен марапатталды. Астаналық өрт сөндіруші отқа оранған жатақханадан 5 адамды аман алып шықты. Бізде қалыптасқан үрдіс бойынша билік басында жүргендер де атақсыз қалмады. Үш ай ғана бұрын Ішкі істер министрі болып тағайындалған Ерлан Тұрғымбаев пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің төрағасы Алик Шпекбаевтың шендері жоғарылап, генерал-лейтенат атағын алды. Сол сияқты ішкі істер, ұлттық қауіпсіздік комитеті, бас прокуратура, төтенше жағдай саласы мен Ұлттық ұланның 25 қызметкеріне әскери атақ берілді.

**Ұлы Жеңіс күні қарсаңында Санкт-Петербургте қазақтың қайсар қызы, Кеңес Одағының батыры Әлия Молдағұловаға ескерткіш ашылды. Ескерткіштің ашылу салтанатына Қазақстанның Ресейдегі төтенше және өкілетті елшісі Иманғали Тасмағамбетов қатысты.**

# ҚАЗАҚТЫҢ ҚАЙСАР ҚЫЗЫНА ЕСКЕРТКІШ ОРНАТЫЛДЫ



«Батырлық – басқа қонатын бақ емес, жүректен ерлік болып шығатын сындарлы шақ. Ал біздің халқымыз үшін бұл – ұланына ғана емес, қыздарына да бірдей дарыған ұлттық қасиет. Тарихымыздың әрбір беті ел басына күн туғанда ерлермен иық теңестіріп, жауға шапқан батыр рухты апаларымыздың есімімен хатталып, ел есінде сақталып келеді. Бүгін, міне, сол даңқты дәстүрді жалғастырушы, қазақтың қайсар қызы – Әлия Молдағұловаға Санкт-Петербург қаласының төрінен еңселі ескерткіш ашылып отыр», – деді Иманғали Тасмағамбетов ескерткіштің ашылуына арналған салтанатты шарада. Бұл шара – Ұлы Жеңіс мерекесі қарсаңында қаһарман апамыздың рухына көрсетіліп отырған ұлы тағзым ғана емес, екі елдің бірлігі мен ерлігін, айбыны мен даңқын паш ететінін атап өтті.

Әлия Молдағұлованың ескерткіші Санкт-Петербургтің батысындағы скверлердің бірінде, Красногвардия ауданындағы өз атына берілген көшенің бойында орналасқан. Биіктігі 3 метр қоладан құйылған мүсіндік композиция қызылт гранитті тұғырға орнатылған. Онда батырдың есімі мен батырдың жапсырма жұлдызы бедерленген. Постаменттің сыртқы жағында мерген қыздың ерлігі қысқаша қашап жазылған.

# СОҒЫС АРДАГЕРЛЕРІНЕ ҚАРЖЫЛАЙ КӨМЕК КӨРСЕТІЛЕДІ

**Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі 9 мамырда Ұлы Отан соғысының 88 862 ардагерлеріне 2,6 млрд. теңгеден астам сомаға бір жолғы материалдық көмек төленетінін жариялады.**

«Қазақстанда 1425 Ұлы Отан соғысының қатысушыларымен тікелей мүгедектері, сондай-ақ 87 мыңнан астам ҰОС ардагерлері тұрады, олардың ішінде Қоршаудағы Ленинград тұрғындары, тыл еңбеккерлері, қайтыс болған ҰОС мүгедектерінің жұбайлары, концлагерьдің бұрынғы кәмелетке толмаған тұтқындары және басқалар бар», – делінген ресми хабарламада.

Ең үлкен соманы Шығыс Қазақстан облысында тұратын ардагерлер алмақ – 542 мың теңге, Нұр-Сұлтан қаласында – 519 мың теңге, Ақмола және Павлодар облыстарында – шамамен 500 мың теңге алады. Қарағанды, Атырау, Ақтөбе және Батыс Қазақстан облыстарында төлем 300 мың теңгені құрайды. Маңғыстау, Солтүстік Қазақстан және Түркістан облыстарында, сондай-ақ Алматы және Шымкент қалаларында шамамен 250 мың теңге қарастырылған. Қызылорда облысында 202 мың теңге, Қостанай және Жамбыл облыстарында 150 мың теңгеден.

Бұдан басқа, ҰОС мүгедектерін бірінші кезекте санаторлық-курорттық емдеумен, протездік-ортопедиялық бұйымдармен, протездеу бойынша медициналық қызметтермен, сурдоқұралдармен және басқа да компенсаторлық қосалқы құралдармен, міндетті гигиеналық құралдармен, кресло-арбалармен және дәрілік заттармен қамтамасыз ету жоспарланған.

# ЖЕТІ ҮМІТКЕР КҮРЕСТІ ЖАЛҒАСТЫРАДЫ

**Орталық сайлау комиссиясы ҚР Президенттігіне 7 кандидатты ресми түрде тіркеді. ҚР Орталық сайлау комиссиясы соңғы отырыста үш үміткерге, атап айтқанда, Төлеутай Рахымбековке, Жамбыл Ахметбековке және Әміржан Қосановқа ҚР Президенттігіне кандидат куәлігін табыс етті.**

Ал бұған дейін республиканың жоғары мемлекеттік лауазымына үміткер ретінде Қасым-Жомарт Тоқаев, Сәді-Бек Түгел, Амангелді Таспихов және Дания Еспаева тіркелген болатын. Алдында президенттікке үміткерлер саны 9 болғанмен, «Қазақстан Құрылысшылар одағы» республикалық заңды тұлғалар бірлестігі атынан кандидат ретінде ұсынылған Талғат Ерғалиев саяси додаға қатыспайтындығын мәлімдеді. 2 мамырда ҚР Орталық сайлау комиссиясы «Халық демографиясы» қоғамдық бірлестігінен президенттікке үміткер ретінде ұсынылған Жұматай Әлиевті кандидат ретінде тіркеуден бас тартты. Себебі лингвистикалық комиссия Жұматай Әлиевтің мемлекеттік тілді еркін меңгермегендігі жөнінде шешім қабылдаған еді. Осылайша, бүгін еліміздің Орталық сайлау комиссиясы ҚР Президенттігіне кандидат ретінде ұсынылған 9 үміткердің 7-еуін сайлау заңнамасы талаптарына сай деп таныды.

Кандидаттарды тіркеу кезеңі 2019 жылдың 11 мамыры күні сағат 11.00-де аяқталады. Айта кетерлігі, декларацияны беру кезінде кандидат немесе оның зайыбы (жұбайы) декларациялаған кірістері мен мүлкі туралы мәліметтердің дұрыс еместігі анықталған жағдайда Орталық сайлау комиссиясы тіркеу туралы шешімнің күшін жояды. Сайлау алдындағы үгіт-насихат тіркеу кезеңі аяқталғаннан кейін дереу басталады және дауыс беру күні алдындағы күні сағат 00.00-ге дейін, яғни 8 маусым күнгі сағат 00.00-ге дейін жалғасады. Дауыс беру 9 маусымда жергілікті уақыт бойынша 07.00-20.00 аралығында өтеді. Сайлау аяқталған кезден бастап 12 сағаттан кешіктірмей сайлау учаскелерінде дауыстарды санау жүргізіледі.

# ЕЛОРДАДАН ЕКІБАСТҰЗҒА КӨШЕМІЗ БЕ?

**Елорда әкімдігі көп балалы жанұяларды баспанамен қамту үшін Екібастұз қаласына көшіруге ұсыныс жасады. Өйткені, бас қалада тұрғын үй жеткіліксіз екен.**



Бұл облыс орталығы мен өзге де ірі қалаларға да тән жағдай. Сондықтан, мемлекеттің арзан пәтерін көпбалалы шаңырақтардың бәріне бірдей үлестіру қиындық туғызып отырған көрінеді. Қазір жер-жерлерде көпбалалы аналар мен тұрмысы нашар отбасыларға арнайы жәрдемақы тағайындалып, баспана бөлу басталды. Десе де, үкіметтің арзан баспанасы барлығына бірдей бұйырмайтын түрі бар. Оны шешу үшін үкімет неше түрлі жолдарды қарастыруда. Мәселен, елорда әкімдігі көп балалы жанұяларды Екібастұзға қоныстандыруға ұсыныс жасауда. Онда олар үш бөлмелі пәтер және жұмыспен қамтылады. Баспана 5 жылға жалға беріледі. Бірақ, кейін жекешелендіріп алуына болады. Қала әкімдігі «Тұрғын үй қорының» баспасөз хатшысы Арманай Қабдешованың айтуынша, Екібастұз қаласының әкімдігі көшкен отбасы мүшелерін еңбекақысы 120 мың теңгеден кем болмайтын жұмысқа тұрғызуға және де балаларды мектепке, балабақшаға орналастыруға тегін тамақ беруге мектепке қажетті құралдарды беруге жауапкершілік алып отыр. Бірақ, ешкім мұндай ұсынысқа әзірге ниет білдірмеген. Қазір еліміз бойынша, баспана кезегінде 32 мың көпбалалы отбасы тұр. Олардың 7 мыңы жаңа пәтерге биыл қоныстануы тиіс.

# ӘЛЕУМЕТТІК НЫСАНДАР УАҚЫТЫНДА БЕРІЛУІ КЕРЕК

**Елорда әкімі Бақыт Сұлтанов қалалық әкімдіктің кезекті отырысында тиісті ведомстволардың басшыларына әлеуметтік нысандарды пайдалануға беруді созбауды тапсырды.**

Тұрғын үй және әлеуметтік нысандар құрылысы мәселелері бойынша әкімнің орынбасары Нұрлан Нұркенов баяндады. Қалада 228 компания тұрғын үй салумен айналысады. Нұрлан Нұркеновтың ақпараты бойынша, қазіргі таңда елордада 102 әлеуметтік және мәдени нысан, оның ішінде бюджет қаражаты есебінен 29 нысанның құрылысы жүргізілуде. Бұл - 19 мектеп пен оларға жапсарлас ғимараттар, бір балабақша. Денсаулық сақтау саласындағы цифрландыру туралы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Марат Шоранов баяндама жасады. Оның айтуынша, бүгін 083, 086, 094, 095 медициналық анықтамалар, аурухананың парақтар мен медициналық кітапшалар медициналық ақпараттық жүйеде тіркеліп, барлық қалалық медициналық ұйымдарда беріледі.

Сондай-ақ, басқарма басшысы қалалық медицина саласындағы мәліметтерді жиналып, талдау жүргізілетін бірыңғай ситуациялық орталықтың жұмысы туралы айтты. Осы ретте Бақыт Сұлтанов ана өліміне қатысты мәселелерге сапалы талдау жүргізу қажеттігін атап өтті. «Жүкті әйелдерді алдын ала шақыру, оларды есепке қою, үнемі қоңырау шалу қажет. Заманауи медицина саласындағы жобаларды жалғастыру маңызды», – деді қала әкімі.

# ЖЕҢІС КҮНІНЕ МЕРЕКЕЛІК ЛЕНТАЛАР ТАРАТЫЛДЫ

**Жеңіс күні 9- мамырды қоса есептегенде үш күндік шарада ұйымдастырушылар жалпы саны 100 мыңнан астам лентаны елордалықтар мен оның қонақтарына сыйға тартты.**

Әкімдіктің қала тұрғындарына жасаған осындай тосын сыйын үлестіруді «Астана жастары» еріктілер ұйымы өз мойындарына алды. Мақсаты – жұрттың патриоттық сезімін көтеру. Жеңіс күні мерекесіне орай жасалған бұл ленталар 2015 жылы жаңарып, жаңа дизайны қалыптасқан еді. Бұған дейін патшалық Ресейдің «георгиевский» лентасын қолданып, халықтың наразылығын тудырғаны белгілі. Қазақы оюөрнек салынған көк түсті лентаға «9-мамыр – Жеңіс күні» деген жазуы бар төсбелгі қыстырылған. Көк туымыз бен аспан түстес лента көпшіліктің көңілінен шығып, жаппай қолдау тапты. Шараны ұйымдастырушылар бұл игі істі алдағы аукытта да жалғастыра беретіндіктерін білдірді.



# БІЗДІҢ ПОЛИЦИЯНЫҢ ДЕҢГЕЙІ... ҚАНДАЙ, МИНИСТР МЫРЗА?



**Бірінші мамыр – Ынтымақ пен бірлік күнін тойламаққа көшеге шыққан көкөрім қыздардың көргені – мынадай еңгезердей поицейлердің бәрі жабылып, сүйрей жөнелуі болса, жетіскен екенбіз. Мына қыздың аты-жөні кім деген сұрақтан бұрын, мына дөкірлердің аттары кім деген сұрақ көкейде бірінші тұрады.. Иә, бұл жас қызды жабылып сүйреп жылатып бара жатқан мына погон таққан үшеудің аттары кім, кімнің баласы, кімнің ағасы немесе әкесі? Бұлар кімнің туысы, досы, ағайыны, көршісі? Бұлардың мына қыздардай қарындастары, қыздары жоқ па? Бәріміз жабылып, осы оспадарларды анықтайықшы, аты-жөндерін жариялайықшы!**

Әлеуметтік желіде Мемлекетіміздің әнұранын айтып бар жатқан қызды сүйреп бара жатқан полицейлердің видеосы да таралуда. Сонда біздің полицейлер Тәуелсіз Қазақ Елінің әнұраны айтылуына қарсы ма? НЕГЕ ӨЗДЕРІНЕ ТИЕР СӨЗДІ ӨЗДЕРІНІҢ САУАТСЫЗ ДА, ЖАУАПСЫЗ ӘРЕКЕТТЕРІМЕН ЖАСАП АЛАДЫ БІЗДІҢ ПОЛИЦИЯ?».

Егер осы жас қызды жабылып, жылатып, сүйреп алып кетпегенде ол қыз сол жерде билікті төңкеріп тастайтын ба еді? Ау, барлық елде көшеге митингіге шыққандар, өздерінің талабын айтып, шеру жасап кетіп жатыр ғой, бүлініп жатқан ешнәрсе жоқ қой. Осындай Халық Үнін қалыпты тыңдау деңгейіне қашан жетеміз біз? Әкімдіктердің Митингі өткізуге Өмірде берілмейтін рұқсаттары тек жазалауға себеп үшін ғана керек пе?

Анау жылы Астанада Қазмедианың алдына аналарымен шыққан балаларды, ішінде емшектегі балалар да бар, шешелерімен қосып, шетінен автобусқа сүйреп кіргізіп, алып кеткен видео интернетте әлі жүр. Астындағы пікірлерді оқысаңыз, түгел қарғыс! Мен ол туралы кезінде осы «Қазақ үні» газетінде қатты сынап жазған болатынмын.

Иә, Алматыда атой салған бір салафит Күлебаевтың кезінде кірерге тесік таппаған полиция, бір қытай азаматы Қазақстанда!!! үш полицияға әл бермей, жерге бір түкіріп (беттеріне деп қабылдауға болады), тайраңдаған күйі өз білгенін істеп кеткен біздің полицияның бала-шаға, қыз-қыркын мен кемпіршалдарға ғана әлі келеді.... Халық қазір дәл осындай пікірде.

Бұрынғыны қайдам, кейінгі отыз жылдай уақытта біздің полицияда «Ат! » десең – Атасын ататындар дайындалып шықты. Оған кеше 2011 жылы Жаңаөзенде куә болдық! 1986 жылғы, Кеңес империясына бодан кезіміздегі қырғыннан 2011 жылғы Тәуелсіз Қазақстан кезіндегі қырғын асып түсті. Өйткені, 1986 жылы өзге елдерден әкелінген солдаттар өзіміздің Қазақ полициясы секілді бауырларын қуалап жүріп атып, қырып салған жоқ... «Тағы шықса, тағы атамыз » деді бүлк етпей Ресей тілінде сөйлейтін сол кездегі министр Қасымов....

Жалпы, БІЗДІҢ ПОЛИЦИЯНЫҢ ДЕҢГЕЙІ... қандай ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРІ Тұрғынбаев мырза?

**Қазыбек ИСА**
*qazaquni.kz*

# ҚАЗАҚ ТІЛІ СЕНІ ЖЕРГЕ ТЫҒЫП ЖІБЕРМЕСІН, СЕРИКЖАН!



**«ҚАЗАҚ ТІЛІҢ БІР ЖЕРГЕ ТЫҒЫП ҚОЙ» – бұл «ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН» форумының жалынды ұраны ма, Серикжан МАМБЕТАЛИН?!. Қасиетті Қазақ тілінің киесі ұрады деп қорықпайсың ба? Міне, біздің «саясаткерлердің» сиқы?!. Қазақша жазған сауаты? Бұл сабаздың шала шатпағына қарасаң, Тілдің атынан да, Ердің атынан да сотқа бере беруге болады... ҚАСИЕТТІ ҚАЗАҚ ТІЛІ СЕНІҢ ӨЗІҢДІ БІР ЖЕРГЕ ТЫҒЫП ЖІБЕРМЕСІН, СЕРИКЖАН!**



**Махамбет Ерғали** Әбден төлем алып, сатылып үйренгенің осы сөзіңнен-ақ анық байқалып тұр. Серікжан Есенғосұлы! Лондоннан келіп, "Руханият" партиясын сатып алып, парламенттік сайлауда биліпен келісіп, құрдымға кетіргенің есіңде ме? Ең болмаса, партияны Алтыншаш Жағановадан сатып алғанда, ақша санауды жақсы білгенде, құжат санап түгендеуді білмей масқара болғаныңды ел ұмытып кетті ме? Еске салу қиын емес.

Нравится · Ответить · 6 ч. 1

**Серікжан Есенғосұлы** Махамбет Ерғали мен сатып алдым. Өз енбекпен тапқан ақшаныммен. Ал сіздер сатылдыңыздар. 5 тиынға.

Нравится · Ответить · 2 ч. · Отредактирован

**Махамбет Ерғали** Серікжан, сіз қазақ тілін дұрыстап меңгеріп алыңызшы алдымен. Қазақша екі сөздің басын құрап жаза алмайтын адам, ҚАЗАҚСТАННЫҢ саясатымен қалай айналысады? Тіпті, күлкілі ғой.

Нравится · Ответить · 5 ч.

**Серікжан Есенғосұлы** Ұйғырға сатылып өсекті жазуға мастер екенсің. Сен қазақ тілің бір жерге тығып қой айналайын бауырым жазбай-ақ...

Нравится · Ответить · 2 ч.

Напишите ответ...

Бұл әріптестерінің масқара тірлігіне Президенттікке үміткер Әміржан Қосанов пен қазақ тілінің жанашыры Дос Көшім мырзалар бастаған «Жаңақазақстандықтар» не деп жауап береді екен? Әдеттегідей жаппай «ақтаушы» болып кете ме? Нәжісті қанша жасырсаң да, иісі шығып кетеді деген осы!..

«Жаңа Қазақстанннның» тағы бір мүшесі, ел әжептәуір үміт күтіп жүрген Расул Жұмалының «Қазақ үні» сайтындағы Махамбет Ерғалидың Ұлт мүддесін қорғап жазған мақаласына байланысты бүгінгі жазбасын көргенде бір кезде бұны да дипломат болды, елшіліктерде қызмет істеген саясаттанушы деуге аузың бармайды... Әлеуметтік желідегілер, Ринат Рафқаттан бастап бәрі «базардағылардың сөзі ғой бұл» (бұл олардың сөзін менің жұмсартып жазып жатқаным) деп сынап жазуда...

2004 жылы «Ауыл» партиясының сол кездегі төрағасы Ғани Қалиевтың Парламентте Қазақ тіліне қарсы шыққанын «Қазақ үні» газетінен оқығанда «Бұндай Қазақ тіліне қарсы партияның қатарында бола алмаймын!» деп мүшелік билетін лақтырып кеткен белгілі жазушы Бексұлтан Нұржеке секілді Ерлер табылар ма екен бұлардан... Әй, қайдам!

**Қазыбек ИСА**
*qazaquni.kz*

*• Дүбірлі дүние*

## ЖҮЗДЕГЕН МЫҢ СИРИЯЛЫҚ БОСЫП КЕТТІ

Сирияда қайта күшейген ұрыс пен бомбалаудан сақтану үшін бір апта ішінде елдің солтүстік-батысындағы Идлиб провинциясынан 150 мыңнан аса адам басқа жаққа көшіп кетуге мәжбүр болды. Бұл туралы Біріккен Ұлттар ұйымы хабарлады.Сирия үкіметінің әскері бірер күн бұрын қарулы оппозициялық топтарға шабуыл жасай бастаған. Топтар шоғырланған аумақты, деректер бойынша, Башар Асад пен Ресей әскерінің ұшақтары бомбалап жатыр. Құқық қорғаушылар ондаған адамның қаза тапқанын айтады. Идлиб провинциясы – Евфраттың батысында тұрған, Асадтың қарамағына кірмеген соңғы ірі аумақ. Анклав Хайят Тахрир аш-Шам радикал исламшыл тобының бақылауында. Бұл топты Ресей террористік ұйым деп таныған. Былтыр күзде Түркия мен Ресей «Идлибте үш миллиондай бейбіт тұрғын болғандықтан Асад әскері провинцияға шабуылдамайды» деп келіскен. Бірақ Дамаск та, Мәскеу де «түптің түбінде бұл аумақ Сирия билігінің бақылауына өтуі тиіс» деп бірнеше мәрте мәлімдеме жасаған. БҰҰ-ның бас хатшысы Антониу Гутерриш тараптарды татуласуға шақырды.



## ШРИ-ЛАНКА ШҰҒЫЛ ШАРА ҚОЛДАНДЫ

Шри-Ланкадағы терактілердің ұйымдастырушылары «өлтірілді не ұсталды». Бұл туралы ел билігі хабарлады. «Өлтірілген» адамдар саны нақты айтылған жоқ. Қамауда отырғандар саны 70-тен асады. Полиция басшысы Хандана Викрамаратне өлтірілгендер арасында «террористерге жарылғыш жасайтын екі маман» барын айтты. Олардан жаңа шабуыл кезінде қолданылуы мүмкін жарылғыш заттар тәркіленген. 21 сәуірде Шри-Ланканың түрлі аумағында сегіз жарылыс болған. Оның төртеуі - қонақ үйде, үшеуі шіркеуде болды. 250-ге жуық азамат қаза тапты. Жарылысты «Ислам мемлекеті» террористік ұйымы мойнына алды. БАҚ-тың жазуынша, батыс барлау қызметтері ықтимал шабуыл туралы Шри-Ланка билігіне ескерткен. The Telegraph газеті барлау қызметтерінде Азия мен Африканың шипажай аймақтарына жасалуы мүмкін жаңа терактілер туралы мәліметтер барын хабарлаған. Басылым дерегінше, шабуыл Үндістан, Кения, Мальдив аралдары мен Танзаниядағы демалыс аймақтарында да жасалуы мүмкін.

## ЕҢ ҚЫСҚА НЕКЕ

Кувейтте жас жұбайлар үйленген соң үш минуттан кейін ажырасып кетті.Бұл ел тарихындағы ең қысқа неке ретінде тіркелді.

Кувейтте жас жұбайлар некеге отырған соң үш минуттан соң ажырасуы қай мағынада алғанда да аяқсты болған. Неке рәсімінен кейін қалыңдық сүрініп кеткен. Күйеу жігіті қызды келемеждеп, оны «ақымақ» деп атаған. Соңында қалыңдық жылап, дәл сол жерде күйеуімен ажырасқан. Жұп ресми түрде үш минут қана ерлі-зайыпты болған. Бұл ел тарихындағы ең қысқа неке ретінде кувейттіктердің есінде қалатын болды.

# ЕВРОПАРЛАМЕНТ: ВЫ ОТКРЫЛИ НОВУЮ СТРАНИЦУ В ИСТОРИИ РЕСПУБЛИКИ



**Вы открыли новую страницу в истории Республики и создали новые возможности для миллионов женщин Казахстана – депутаты Европарламента поздравили Данию Еспаеву. Поздравительное письмо за подписью Иветы Григуле, председателя Делегации Европарламента по Центральной Азии, члена фракции Альянса либералов и демократов Евросоюза поступило 7 мая в адрес первой в истории РК женщины-кандидата в Президенты.**

«Депутаты Европарламента, включая меня, с интересом следили за Вашим выдвижением на съезде ДПК. Победа женщины в состоявшихся дебатах и тайном голосовании может служить примером внедрения Европейских традиций в политическую практику вашей страны», – говорится в письме.

Депутаты Европарламента считают, что партия «Ак жол» продемонстрировала Казахстану и международному сообществу приверженность к демократии и либерализму, уважение базовых ценностей и равноправия граждан.

«Вы открыли новую страницу в истории Республики, создали новые возможности для миллионов женщин Казахстана в реализации своих прав и свобод», – подчеркивается в поздравлении.

Делегация Европарламента пожелала Дание Еспаевой новых достижений в развитии демократии.



# ЕСПАЕВА ДОБИЛАСЬ ПЕРЕСМОТРА УСЛОВИЙ КРЕДИТОВАНИЯ МСБ

**Дания Еспаева добилась пересмотра условий кредитования населения, МСБ в малых городах, селах в составе городов – МНЭ считает возможным вернуть жителям этих территорий кредитование через Фонд финансовой поддержки сельского хозяйства (ФФПСХ).**

Напомним, что 3 апреля т.г. Еспаева выступила в защиту предпринимателей малых городов и сел, включенных в территорию городов в ходе их укрупнения. Ранее они имели доступ к приемлемому финансированию через ФФПСХ по Программе «Енбек». Но условия Программы не позволяют финансирование в моно/малых городах и сельских округах в составе города.

К тому же и КазАгро отменил кредитование в моно/малых городах через Фонд и передал его в БВУ. Но банки (за редким исключением) не принимают в обеспечение кредитов залоговое имущество в таких населённых пунктах, тогда как у Фонда залоговая политика была более лояльной.

«В результате меры господдержки оказались недоступными для реальных заемщиков-сельчан, желающих заниматься бизнесом, но проживающих на территориях, вошедших в состав города, и основная цель Программы - развитие микробизнеса на селе - ставится под угрозу», - подчеркивалось в запросе.

Еспаева отметила, что периодически происходит передача сельских территорий в состав городов – совсем недавно только в Туркестанской области 12 сел вошли в г. Кентау. Ранее несколько сел были включены в г. Шымкент, аналогичные процессы укрупнения городов происходят в других регионах. Но род занятий и источники заработка их жителей от этого не изменились, и все они столкнулись с проблемами кредитования.

4 мая стало известно, что поставленный Данией Еспаевой вопрос решен положительно.

«Считаем возможным предоставление микрокредитов через АО «ФФПСХ», а также МФО и кредитные товарищества для предпринимателей сельских населенных пунктов вне зависимости от их административной подчиненности», – говорится в поступившем 4 мая официальном ответе Министерства нацэкономики.

В «Ак жоле» уверены, что данное решение станет реальной поддержкой сельскому бизнесу, позволит сохранить сотни действующих субъектов предпринимательства и рабочих мест.

ДПК «Ак жол» и ее парламентская фракция продолжают работу по реализации предвыборной программы и защите интересов отечественного бизнеса.

# БЕРИК ДЮСЕМБИНОВ ПРОВЕЛ ВСТРЕЧУ С НАСЕЛЕНИЕМ ПОСЕЛОК ТАИНТЫ ВКО

**2 мая в ходе рабочего визита в Восточно-Казахстанскую область депутат Мажилиса Берик Дюсембинов провел встречу с населением п. Таинты Уланского района ВКО.**

Собравшиеся на встрече сельчане озвучили перед депутатом ряд острых проблем, нерешенных до настоящего времени, в их числе: отсутствие мобильной связи и интернета, неудовлетворительное состояние дороги в селе и подъездных путей к местам отдыха, отсутствие качественной питьевой воды.

Участники встречи подчеркнули, что расположенное близ села озеро Шыбындыколь является одним из излюбленных мест отдыха для жителей ВКО и зарубежных туристов, однако отсутствие необходимой логистической инфраструктуры сдерживает развитие туристического бизнеса.

Помимо этого, в сельском округе остаются неразрешенными вопросы возврата земель и предоставления пастбищных угодий для развития животноводства.

Все озвученные на встрече проблемные вопросы мажилисмен Берик Дюсембинов планирует довести до сведения парламентской фракции и рабочих групп Мажилиса.

*Пресс-служба «Ак жола»*

# ДАНИЯ ЕСПАЕВА ОТ ПАРТИИ «АК ЖОЛ» ЗАРЕГИСТРИРОВАНА КАНДИДАТОМ В ПРЕЗИДЕНТЫ



**Дания Еспаева официально стала кандидатом в президенты Казахстана. Центральная избирательная комиссия приняла постановление зарегистрировать Данию Еспаеву кандидатом в президенты от демократической партии «Ак жол». Еспаева предоставила все необходимые документы для выдвижения кандидатом в президенты. В ее поддержку было собрано 144 тысячи 98 подписей во всех регионах Казахстана. Достоверными были названы 139 тысяч 541.**

«Отделу планирования и исполнения бюджета аппарата Центральной избирательной комиссии предоставить в АО «Народный сберегательный банк Казахстана» сведения о регистрации кандидата в президенты Дании Еспаевой для открытия специального временного счета. Отделу по взаимодействию со СМИ и общественными объединениями аппарата Центральной избирательной комиссии опубликовать в СМИ прилагаемое сообщение о регистрации кандидата», – сообщили в ЦИК.

Дания Мадиевна Еспаева с марта 2016 года – депутат Мажилиса, член Комитета по финансам и бюджету. Она родилась 5 марта 1961 года в поселке Яйсан Актюбинской области. Имеет высшее образование. В 1982 году с отличием окончила Алматинский учетно-кредитный техникум, в 1993 году – Казахскую академию управления в Алматы по специальности «экономист».



Трудовую деятельность Дания Еспаева начала в 1982 году с должности экономиста отдела кредитования Актюбинского областного управления Государственного банка СССР. Долгое время работала в банковской сфере. Общий стаж работы в данной сфере составляет 34 года, из которых 17 лет – на руководящей должности.

Дважды избиралась депутатом областного маслихата, является членом правления Актюбинского филиала союза «Атамекен», членом регионального координационного совета Актюбинской области. Более 14 лет являлась членом комиссии по делам семьи и женщин при областном акимате. Ранее удостоверение кандидата в президенты получил Амангельды Таспихов.

Внеочередные выборы президента Казахстана пройдут 9 июня.

*Tengrinews.kz*

**– Аға, сізге батырлық қасиет ата-бабаңыздан жұққан ба, осы туралы ойлаған кезіңіз болды ма?**

– Уай, дорогой, батырлық деген тікелей ата-бабадан жұғады деу қиын ғой. Кім білсін енді, кейбір қасиеттің әке-шешеден даритыны да рас. Бірақ қара күш иесінің бәрін бірдей батыр деуге келе қоя ма. Мәселен, мен соғысқа дейін әшейін ауыл арасындағы содырлығым болмаса ешқандай батыр емес едім.

**– Әйтеуір, екінің біріне бұйырмайтындай ерекше денелі жігіт болыпсыз.**

– Иә, жасымда едәуір ірі болғаным рас. Орташа мөлшермен жүз жиырма бес келідей тартатынмын. Бірақ, бұл батырлықтың өлшемі емес. Адам, тегінде, ерлікті қалайда батыр болайын деп, көзге түсе қоярын алмаған адамдарымыз қаншама! Алысқа бармай-ақ, Бауыржан Момышұлы мен Рақымжан Қошқарбаев ағаларыңды ал! Бірақ, көңіл аударатын тағы бір нәрсе бар. Әлгі соғыстағы жалпы батырлық атаулының және бір қырын ескеру керек. Мәселен, Қазақ елінде бес жүзге тарта Совет Одағының Батыры бар екен. Ақиқатын айтқанда, солардың барлығын бірдей батыр деуге келмейді. Олардың атағын қызғанып отыр екен деп қалма. Ой жүгіртіп қарасаң, әлгілердің кейбірі бір сағаттың ішінде немесе бір күннің айналасында көзге түсіп батыр атанғандар. Бұлардың қайсыбірі, тіпті, өзінің қандай ерлік жасағанын, батырлық атақты нақты не үшін алғанын білмеуі де ғажап емес. Белгілі атаққа, бағы жанып,



# ҚАСЫМ БАТЫРДЫҢ ЖҰЛДЫЗЫ



**Жеңіс мейрамы қарсаңында Қазақстанның Халық қаһарманы Қасым Қайсеновпен жолығуға келе жаттым. 2004 жылдың 7-мамыры еді. Түс әлеті. Көп сөйлесу ойда жоқ. Тек қолтаңбасын алуым керек. Анығырағы – газеттің мерекелік нөміріне әйгілі партизанның өз қолымен жазып берген бір ауыз тілегін жариялауға ниеттенгенбіз.**




деп жасамайды. Мысалы, кімде-кім халқын сүйсе, Отаны үшін жан аямай соғысса, сол батыр болады. Өлсе батыр болып өледі, тірі қалса батыр болып жүреді...

**– Мен кейде біздің халық ежелден керемет батыр халық па деп ойлаймын. Өзіңіз де білесіз ғой, қазақтар Ұлы Отан соғысы батырларының есебі жағынан төртінші орында. Орыс, украин, еврейлерден кейін – біздіз. Бұл, расында, таңқаларлықтай өте жоғары көрсеткіш. Осының сыры неде екен?**

– Қазақтың әуелден жауынгер, ержүрек халық екеніне дау жоқ. Әйтпесе аз ғана құраммен мынандай ұлан-ғайыр даланы ұстап тұра алар ма еді. Кезінде ылғи жаугершілікті кешірді бұл халық. Тегінде, кімде-кім төзімді – сол түбі бір батырлық жасамай қоймайды. Қазақ деген қандай қиыншылық болса да шыдайды да, қандай жауға кезіксе де Құдайдың жазғанын көреміз деп жан аямай кіріп кетеді қан майданға. Қазақтың арасынан көп батырлар шығатыны – сондықтан. «Мың өліп, мың тірілген» деп жатамыз. Сол дұрыс сөз. Оның үстіне рухымыз биік халықпыз. Көрмейсің бе қазақтың анау екі қызының батырлығын! Басқа халықтан неге шықпайды сол Әлия мен Мәншүктей ержүрек қыздар?! А? Өзің ойлап көрші! Осының өзі-ақ талай нәрсені көрсетіп тұр ғой. Ал батырлық атақты ала штаб төңірегінде, қолбасшылар айналасында жүріп ілігетіндер де мәлім. Және ондайлар бір жасаған әрекетін екінші рет қайталай алмайды да. Ал анау Талғат Бигелдиновтер аспандағы айқастарда бір ерлігін, кемінде, үш жүз рет қайталаған. Сол сияқты, Бауыржандардың да әр сағаты, әр күні толған ерлік еді...

**– Ақыры батырлық туралы айтып қалдық. Сіздің өзіңіздің де сол жоғары атақтан әділетсіз түрде айрылып қалғаныңыздан хабардар едік. Соның шет-жағасын өзіңіз айтып бермейсіз бе?**

– Уай, дорогой, (кейін аңғардым, батыр ағаның кейдегі сөз мәнері осылай екен. Қ.М.) ол ұзақ әңгіме ғой!

**– Сонда да. Қысқаша.**

– Ол былай болған. Мына Украинаның Десна, Днепр, Припять деген керемет өзендері бар емес пе. Соның арғы бетін немістер басып алып, қаншеңгелді біртіндеп Мәскеуге дейін салуды ойластырып жатты. Сол себепті, әлгі дариялардың батыс жағаларында плацдармдар құрып, Киев бағытында солтүстікшығыстан және батыстан жауға қатты соққы беріп, Украина астанасын азат ету жоспары жасалады. Осылайша дұшпанның Донбасс пен Украинаның солтүстік жағалауын жермен-жексен етеміз деген ойын күлталқан қылу көзделді. Бір күні осы мақсатта біздің отрядқа да Днепрден өтуге бұйрық берілді. Соңырақ білсем, бұл тұрғыда небір алапатты бастан кешіріп, соғыс өртінде әбден шыңдалып, ысылған партизан отрядтарына үлкен үміт артылған көрінеді. Бұл жауапты іске кейін біз секілді басқа да құрылымдар тартылыпты. Әйткенмен, өзеннен өте салу деген оңай нәрсе емес-тін. Алып дарияның екі жағасы аралығын қаншама адам, қаншама қару-жарақпен бейбіт күннің өзінде әшейін зу ете түсу бірталай қиынға соғар еді. Ал жерден де, көктен де жаңбырша жауған оқ жағдайында бұл өзі, тіпті, санаға сыймайтын нәрсе-тін. Өкімет Днепрден алғаш болып өткен отрядтың әр адамына Кеңес Одағының Батыры атағы берілсін деп бекерден-бекер қаулы шығарсын ба. Сонымен, не керек, Днепрден тірідей өту қисынға келмейтін іс болса да мен өз тобымның жүз жиырма адамына Қызыл Әскерлерден қосылған төрт жүзден аса сарбазды және қосып, нартәуекел деп түстім өзенге. Қысқасы, сол алты жүзге жуық жауынгердің, көп болса, үш жүздейі ғана аман шықтық. Қалғанының бәрі суға батып өлді немесе оққа ұшты, бомба астында қалды. О кезде бүгінгідей рация жоқ, байланыс сым телефон арқылы ғана жасалады. Содан бір кезде телефонға шақырады мені. Кезекші офицер екен, бас қолбасшымыздың атынан хабарласып тұрғанын айтты: «Қайсенов жолдас, сіз өтіп шықтыңыз. Жарайсыз! Зор алғыс жарияланады. Енді сол шепті сағат он екіге дейін ұстап тұрыңыз. Соған дейін біз өтеміз» дейді. «Құп болады!». Сөйткен мен ол арадан он екіге дейін өлсем кетем бе. Бірақ оғанша үш-төрт сағат бар еді. Жүздеген самолет бомбаның астына алды. Қаптатып танкілерін жіберді. Соны ұстап тұрдық біз. Ақыр аяғында жиырма-отыздай ғана адам қалдық. Қанды қасапқа түсу деген осы. Ондай сұмдықты көрсетпесін. Сол кезде бізді тамтықтары қалмай тып-типыл болып қырылып кетті деп ойлаған Александр Тканко деген қасына бір советтің немісін ертіп алып, дереу Харьков қаласындағы майдан штабына барады. Сөйтіп ондағы басшыларға Днепрден аман-есен өткен мына екеуміз деп баяндайды. Екеуіне де қолма-қол Кеңес Одағының Батыры атағы беріліпті. Солай айрылғанмын атақтан. Бір қуаяқ келді де орта жолдан қағып кетті, қазақша айтқанда. Біз Құдай қарасып тірі қалған едік. Маған тиесілі атақты алып кеткен әлгі Тканкомен кейінірек Карпатқа бірге ұшқанымыз бар. Сонда маған көптеген партизан жолдастарым: «Әй, Вася, сен енді әлгі сұмырайммен бірге ұшпа. Аулақ жүруге тырыс. Өйткені ондағы геройлық – сенікі. Ол сені ретін тауып құртудың жолын қарастырады», – деп ескертті. Мен қол сілтегем. Кімді кімнің құртатынын көреміз ғой. Жан керек болса соның өзі менің көзіме түспегені жөн-ау дедім. Сөйтіп онымен Карпатта бірге соғысуға тура келді.

**– Сіз болсаңыз, тіпті, бертінде ғана Украина Президенті Кучмаға өзіңізге иттік жасаған сол Александр Тканкоға генерал атағын беру туралы өтініш білдіріпсіз. Мұны қалай түсінуге болады? Бұл да әлгі қазақтың дарақылығына ұқсас мінез емес пе?**

– Иә, ондай сөздің болғаны рас. Бірақ өткен нәрсе өтті, кетті ғой. Атаңның кегі емес, ескі әңгімені несіне қузай берем. Және өзі кешірім сұраған кезі де болды. Қу құлқын, қу пендешілік не істетпейді. Қойдық. Түсініп. Александр Тканко қазір тірі. Украинаның Черкасск қаласында тұрады. Менен екі жас үлкен. Сексен сегізде. Осыдан екі-үш жыл бұрын Украинаға барғанымда басқасының бәрі генерал да, ол генерал емес екен. Мен: «Әй, Александр Васильевич, сен неғып генерал емессің?!» десем, «Мен – оппозициядамын. Қазір капитализм. Мен коммунист адаммын. Сондықтан, бермейді маған генералдықты» дейді. Содан Президент Леонид Кучма қабылдағанда: «Сен анау полковникке генералдықты бермепсің. Бұрынғы партизан басшыларының бәрі генерал көрінеді. Неге бермейсің оған? Ол кезінде сенің Украинаңды азат етіп, осындай жағдайға әкелмесе сен бүгін Президент болып отырмас едің ғой. Соны неге ойламайсың? Бұған қайтсең де генерал атағын бер!» деп ұрсып кеткемін.

**– Сөйтіп, генерал-майор атағын алыпты ғой Александр Васильевичіңіз.**

– Иә алды. Жақында хат жазып жіберіпті маған. «Ақырында, кім білсін, сенің сөзіңе де құлақ түрген шығар. Әйтеуір, Президенттің көңілі түсті. Генерал-майор атағын берді. Шынтуайтқа келгенде, сен екеуміз бұл атаққа сонау 1944 жылы-ақ лайық едік қой» депті. Онысы рас еді. Мен соғыстан бұрын Әскери Барлау училищесін бітірген адаммын. Соны түгескен он үш адам Украина партизандарына басшылық жасадық. Сол он үш жетекші Карпатқа парашютпен түсіп, үлкен партизан дивизиясын құрып, генералдар ұстап тұра алмаған жерді ұстап тұрдық қой.

**– Бірақ сіз өзіңіз полковник шенінде қалдыңыз.**

– Иә, әлі полковникпін. Жоғары жақтарға Талғат Бигелдиновтер хат жазыпты. Қасым Қайсеновке генерал атағын беріңіздер деп. Оған «Қайсеновтің әскери білімі жоқ» деп жауап қайтарған секілді. Мұнысы қалай?! Айтып отырмын ғой, арнайы оқуды соғыстың алдында бітіргенмін. Сонда немене, мен партизандар полкін төрт жыл бойы білімсіздігімнен басқарғанмын ба?! Қазақстанда тарихқа белгілі елу шақты партизан бар. Солардың да бір де бірі генерал емес. Жарайды, маған атақ бермей-ақ қойындар. Бірақ ол ұрпақ үшін керек емес пе. Мені де қойшы, соғыста дивизия командирі болған Бауыржанға да бермеді ғой генералдықты. Сол өкінішті. Бірақ, әйтеуір, оған Елбасымыз мықтылығынан Батыр атағын алып берді.

Әңгімелескен
**Құлтөлеу МҰҚАШ**



# ИСЛАМНЫҢ ИГІ ІСТЕРІ

**Ислам Әбішев 2000–2002 жылдары Оңтүстік Қазақстан облысы, Ордабасы ауданының әкімі лауазымын атқарды. Оған дейін «Батсу» ЖШС арқылы елге танылған кәсіпкерді, облыстық мәслихаттың депутатын аудан тұрғындары әкім ретінде бірден жылы қабылдап, ісіне сәттілік тіледі. Ислам Әлмаханұлы қызмет еткен жылдары ауданда бірқатар білім ошақтары бой көтеріп, ұрпақтың сапалы білім мен саналы тәрбие алуына толағай мүмкіндіктер берілді. Барлық сала ілгерілеп, ауданымыз облыста көшбасшы орындардан табылды. Ауылдар абаттандырылып, тұрғындар тазалыққа жауапкершілікпен қарауды әдетке айналдырды. Ауылдар көркейген сайын, адамдардың көңіл-күйлері көтеріліп, аудан басшысына үнемі алғысын жаудырып жатты. Өзі бір ауданның басшысы болғанымен, мемлекеттік маңызды қадам жасап, Өзбектанда қалған қандастарымыздың тарихи Отанына оралуына зор мүмкіндік туғызды. Аудан орталығы мен облыс орталығының арасындағы саяжайдың статусы ауыл деп ауыстырылып, қандастарымыздың сол қонысқа көшіп келіп, тіршілік етуіне мүмкіндік берді. Олардың жергілікті тұрғындармен тығыз қарым–қатынас орнатып, жатсынбай, сіңісіп кетуіне көп ықпал етті. Жаңадан қоныстанғандардың су, жарық, жол сияқты мәселелерімен қатар, балалардың білім алуы, ересектердің жұмыспен қамтылуы мәселелерін тиімді шешті.**

# ІСКЕР БАСШЫ, ХАЛЫҚШЫЛ АЗАМАТ

Ауданымыздағы іскерлігі, елге жасаған игілікті істері ескеріліп, 2002 жылы Ислам Әлмаханұлы Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің орынбасары лауазымына көтерілді. Сол кезде де ауданымызбен байланысын үзбей, өзі бастаған игі істердің жалғасын табуын назарында ұстады. Бұл оның азаматтық позициясы ғана емес, ел алдындағы парызы іспетті еді.

Шұбарсу ауыл округі ардагерлер кеңесінің төрағасы Мырзақұлов Төленбай:

— Ислам Әбішевтің барлық игі ісінен хабардармын. Мен 2000 жылы Өзбекстаннан Шұбарсуға көшіп келдім. 2002 жылы ауылдасым Қалметов Қойлыбай көшіп келген соң, Шұбарсуды ауыл етуге кірістік. Оған дейін саяжай еді. Сол жылдың 30 желтоқсанында Ордабасы ауданының әкімі Ислам Әбішев Шұбарсуға келіп жиналыс өткізді. Жиналған тұрғындардың пікірін тыңдады. Сол күннен бастап, Шұбарсу ауыл әкімшілігін ашып, Қойлыбайды әкім етіп тағайындады. Ертеңіне Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің орынбасары болып жоғарылап кетті. Бірақ, жиналыста Әбішевтың айтқандары әлі күнге дейін көкейімде сайрап тұр. Себебі, саяжайды ауыл етіп қана коймай, қандастарды шақырып, олардың қорықпай көшіп келуіне ықпал етті. Сол кездегі облыс әкімі Бердібек Сапарбаев пен аудан әкімі Ислам Әбішевтың еңбегінің арқасында қандастар тарихи отанына оралып, тұрғылықты халық арасына сіңісіп, жайлы тұрақ тапты. Олардың жер телімімен, су, жарықпен қамтамасыз етілуіне қатты ықпал еткенін ағайындарымыз әлі ұмытқан жоқ. Сол кісінің арқасында бізді ешкім бөлектеген жоқ, құшағын жайып қарсы алды. 2000-3000-ға жуық қандасымыз қорықпай келуіне куәміз. Сондықтан да тарихи отанымызбен қауыштырған Ислам Әлмаханұлына ризашылығымыз шексіз.

Шұбарсу ауыл округі «Ел бірлігі» ұйымының Үлкен кеңес төрағасы, ауыл округі әкімдігінің жанынан құрылған қоғамдық кеңестің төрағасы Сүлейменов Қалдыбек:

— Өзбекстаннан 2005 жылдың күзінде көшіп келдім. Сонау жерден Шұбарсуды таңдап келдік. Ол жерге Ислам Әбішевтің бастамасымен көшіп келдік. Мен көшіп келген жылдары Ислам Әбішев Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің бірінші орынбасары еді. Шұбарсуға арнайы келіп, Б.Нұрлыбеков атындағы мектепте тұрғындармен кездесті. Мұңмұқтажын тыңдады, сұрақтарына жауап берді. Ол кезде Шұбарсу ауылынан Шымкентке жолақы қымбат еді. Халықтың тұрмысына қарай, жолақысын арзандатқызды. Бұған дейін Б.Нұрлыбеков атындағы мектептің бас жоспарын жасап, білім ордасының салынуына ықпал еткен. Кейін ол кісіні кездестірмедік. Бірақ, артынан тек жақсы сөз ерді. Шұбарсу халқын ұйымдастыруға, ынтымақтастыруға үлкен үлес қосқан азамат. Ауылдың тірлігінің дамуына, инфрақұрылымының ретке келуіне көп көмегін тигізді. Көптеген көшіп келген ағайынға сөзбен де, іспен де жәрдем етті. Жер бөліп бергізді. Ұйымдастыру қабілеті мықты, іскер азамат екенін бәріміз білеміз.



«Ұлағат» жалпы орта мектебінің мұғалімі, Бадам ауылы, «Орда» мөлтекауданының тұрғыны, Бегманов Иса:

— Мен 2009 жылдан бері Бадам ауылында тұрамын. Ол жерге ауылдастарым 2000 жылдан бері көшіп келуде. Елбасының «Нұрлы көш» бағдарламасы аясында көшіп келдік. Бұл жерге келуіме әуелі Алла, одан кейін Ислам Әбішев себепкер. Алыстан ағайын көшіп келе жатыр деп, жер бөліп берген де сол кісі. Қазір 300-ге жуық отбасы тату-тәтті өмір сүріп жатырмыз. Маған дейін көшіп келіп, Исекеңнің жақсылығын көрген Жұмабеков Құдайберген, Молдашев Нартбай, Ибрагим Шынбосын және тағы басқалар ол кісі туралы үнемі жақсы естеліктер айтып отырады. Ислам Әлмаханұлы аудан басшылығынан облыс әкімі орынбасары болып ауысып кетсе де, өзінің бастамасымен көшіп келген қандастардың тұрмыс-тіршілігінен үнемі хабар алып, қолынан келгенше шарапатын тигізіп тұрды. Көшіп келгендер ризашылықтан басқа айтары жоқ.

Жеке кәсіпкер, Шұбарсу ауылы тұрғыны Қалметов Бауыржан:

— 2002 жылы 6 сәуірде Өзбекстаннан көшіп келдік. Ол жылы Ислам Әлмаханұлы аудан әкімі еді. Сол кезде әкем және 2-3 ақсақал аудан әкімінің қабылдауында болды. Аудан басшысы қолдан келгенше жәрдемдесетінін айтты. Содан кейін ол ауылға арнайы келіп, тұрмыс жағдайымызбен танысты. Сол сапарында ол қандастардың көшіп келу саясаты туралы, қандастар ештеңеден қорықпай келе беруі керектігі туралы айтты. Ол кезде Шұбарсу саяжай ғана еді. Тұрғындар көп емес. Басым бөлігі өзге ұлт өкілдері. Жарық жоқ, жолдары нашар, қираудың шақ алдында тұрған қоныс еді. Бірақ, Өзбекстаннан келгендерге барлық жағдай жасалатынына уәде берді. Тұрғындарды жинап, бәрін түсіндіріп айтты. Мектеп соғылуына себепкер болды. Бір жылда 320 орындық мектеп құрылысы бітіп, оқушыларды қабылдады. Бұған дейін де ол жеке кәсіпкерлікпен айналысып жүргенде, «Батсу»ЖШС мекемесін басқарып тұрғанда Темірланда «Батсу» негізгі мектебін үш айда тұрғызып, пайдалануға бергенін естігенмін. Болашағын ойлаған адам алдымен баланың білім алуына жағдай жасайды емес пе? Мектеп салу арқылы ол елдің болашағына оң ықпалын тигізгені сөзсіз.

Әкем ол кісімен тығыз байланыста еді. Қабылдауына келген сайын Темірланның түлеп, өзгеріп, жайнағанына куә болатынмын. Аудан орталығын аббаттандырып, ішкі арықтарды тазалап, су жүргізді. Орталықта бірнеше жерге фонтан соқты. Жаппай жайнатып, гүл еккізді. Жаңашыл әрі жанашыр басшының елдің жаңаруына да септігі тиетініне сол кезде куә болғанбыз.

Қорыта айтқанда, ордабасылықтар үшін Ислам Әлмаханұлының орны бөлек. Оның игі істері тұрғындардың жадында. Пайғамбар жасына жеткен Ислам Әлмаханұлының өмір жолы мен еңбек жолы әрбір азаматқа үлгі. Себебі, ол үнемі ізденіс үстінде жүрді. Жаңашылдығымен танылды. Талапшылдығы, жанашырлығы оның азаматтық келбеті іспетті. Сондықтан, еңбегін елге арнаған бірден бір адам — Ислам Әлмаханұлы деп білеміз.

**Нұриддін ШӘМШІҰЛЫ**
*Түркістан облысы*
*Ордабасы ауданы*

# ЕР МІНДЕТІ – ЕЛ МҮДДЕСІ

**Біз, Шымкент қаласындағы Асар мөлтек ауданы тұрғындары өз арамыздағы басқосу барысында Асардың алғашқы құрылған күндерін жиі есімізге аламыз. Осы тұста Ислам Әбішевтың осынау жаңа ауданға сіңірген ерен еңбегі еріксіз ойымызға оралады.**

«Асардың» алғашқы үйлері салынып елдің алды көшіп келген 2008 жылы біздің шағын ауданға елбасы Нұрсұлтан Назарбаев арнайы келіп хал-жағдайымызбен танысты. Осында «Нұрлы көш» бағдарламасының түсауы кесілді. Президент «Асар» жобасын республика бойынша таратуды ұсынды.

Осы уақытта Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің бірінші орынбасары қызметін атқарған Ислам Әлмаханұлының көмегі ерекше болды.

Мидай далаға келіп, елді мекен салудың өзі көп қиыншылықтар тудырды . Су, жол, электр, газ, желісі жоқ ойлы-қырлы жерлер қыруар мәселелерді шешуді талап етті.

Жаны жайсаң, алысты көре білетін , игі істерге ұйытқы болған ел азаматтарының арқасында қазір «Асар» мөлтек ауданы гүлденіп, көркейіп, күннен-күнге жарқырай түсуде. «Ер еңбегін – ел ұмытпайды» дегендей «Асар» мөлтек ауданы тұрғындары Ислам Әбішевтің есімін ешқашан есінен шығарған емес.

«Ер міндеті – ел мүддесі», – дегендей, Исекең Бадам елді мекеніндегі өзіне тиесілі 10 гектар жерді мұқтаж отбасыларына үй-жай құрылысы үшін, тегін таратып берді.

Оңтүстікте туып өскен Ислам Әбішевтің еңбегін Елбасымыз жоғары бағалап, Шығыстағы Өскемен қаласына басшылыққа жіберді. Шығыс өңірінің тізгінін ұстаған сәттен бастап, аймақтың мұңын мұңдап, жоғын жоқтап , іске етене араласып кетті.

Мәселен, Ислам Әлмаханұлы Өскеменді басқарған кезеңде он екі балалар бақшасы іске қосылды. Қалада барлық әулі-жайлар тазаланып жаңартылды және көгалдандырылды. Сондай-ақ, 163 шақырым түрлі коммуникациялық тармақтар іске қосылып, 18 насос стансасы, 1-су бөлетін мұнара, 106 шақырым жылу құбыры, 34 шақырым ауыз су құбыры, 75 шақырым электр желісі құрылды.

Осындай игі істерімен Ислам Әбішов Өскенмен халқының құрметіне ие болды.

Ол Қазақстан Ауыл шаруашылығы Министрлігінің Су ресурстары комитетінің басшысы лауазымында да өзінің қажырлы еңбегімен көзге түсті.

Шыншыл да адал, қайрымды да мейірімді, жаңалыққа жаны құштар , халқы үшін аянбай еңбек етіп жүрген, ел азаматы, «Барыс», «Парасат», «Құрмет» ордендері мен көптеген медельдармен марапатталған Ислам Әбішев жақында Пайғамбар жасқа толады.

Құрметті Ислам Әлмаханұлы ! Пайғамбар жасыңыз құтты болсын! Осы қуанышты күні, Сізге деніңіздің саулығын, шаңырағыңыздың шаттығын, отбасыңыздың амандығын тілейміз, Сізге Алла ырыс-береке, бақытты да баянды ғұмыр берсін.

**Шымкент қаласы, «Асар» мөлтек ауданы ақсақалдары:**
**Әуесбаев Қуат, Сәлібаев Мінайымбек, Құлметов Тойлыбай, Әділов Өскенбай, Төремұратов Еркін, Айдаров Әзіретқұл, Көкиев Сенбі, Сарманов Анарбек**

**Кейінде ұлттық тұрғыдан, халықтық деңгейден табылатын киелі мақсат, ортақ мүдделі кейде жүздік, кейде рулық, кейде тіпті ауылдық... опасыз өзімшілдікпен алмастырып алған жайларымыз кездесіп қалып жүр. Соның салқыны мен Сәкен Сейфуллиннің мүшелі мерекесіне дайындық үстінде де төменнен жоғарыға дейін талай кездестірдім. «Сәкен – төңкерісшіл. Сәкен – орысшыл. Сәкен – большевикшіл. Сәкен – Алашордаға қарсы». Осы төңіректегі бықсыған күңкіл-күбір, қаңқу-сыбыр талай кеудеің сасық түтінін шұбалта бастағанын көпшіліктің өзі де байқап жүрген болар. Бірақ күншілдік пен міншілдікке қазақтың алдына жан салмасын білмесем, онда мен де Сәкенді өзінің заңды биік тұғырынан түсіртпеуге тырыспас едім.**



# СӘКЕНТАНУҒА ЖАҢАША КӨЗҚАРАС ҚАЖЕТ

Өз қасиеттісін табалаған ел қасіретке ұшырайды. Өз тектісін тексермеген ұлт өзге жерде өзгелермен теңесе алмайды. Әйтеуір, қасиеттіні анық танып, тектіні түсіне білу қиынның қиыны болғанмен, аса қастерлі міндет емес пе.

Сай – жырадан, көл – тұмадан, ел – ұланнан құралатыны ақиқат. Көлдің құдіреті – терңдігінде, елдің ұлылығы – перзентінде. Пендесінен азаматы көп, өзінен ері артық елдің өнегесі мол, үлгісі – озық, таланты – зор, тарихы – елеулі. Ол елдің кешегісі – ұмытылмас, бүгіні – ортаймас, ертеңі шошытпас болса керек. Сондай өскелең елдің жұртын ең алдымен ілгері жетелер тобы – интеллигенциясы. Сол зиялылар қауымын ұлттың қаймағы деу өз алдына, меніңше, ол халқының қамалбұзар тарланы, оқ қағар қалқаны, жауын жұлып түсер жебесі, көш бастар көсемі, ортақ тілді шешені. Осылардың ішінде де тағы өз серкелері болатынын ескеру ләзім. Ол серке топ – ақын-жазушылар болар. Өйткені, бұлар әрі өткен дәуірдің әрі өз заманының шежіресі, өз қоғамының сыншысы, өз уақытының айнасы. Сәкен Сейфуллин де дәл осындай адал ұлан, дәл осындай асыл азамат, дәл осындай зиялы ақын, дәл осындай құдіретті жазушы... асқақ өнерпаз, көрнекті мемлекет қайраткері еді.

Ол елін сүйгендіктен ғана, ұлтын ардақтағандықтан ғана саясатшы болды, кенжелеп қалған, халқын ілгері сүйреген қоғам қайраткері болды. Сондықтан да ол өз жүрек әмірімен, өз жандүниесінің бұйрығымен әлеуметтік формациялардың әр кезеңінде де туған елінің һәм емшісі мен елшісі, һәм жаушысы мен даушысы да болды. Сөйткен сезімтал ақын Сәкеннің қанында ұлтшылдық қасиет мол еді. Содан да дүние есігін шыр етіп ашып, дүние есігін тарс еткен мылтық үнімен жапқанға дейін өз ұлтының қамын жеу, қайғысына ортақтасу, қасіретін шегу – Сәкен аға Сейфуллиннің маңдайына тағдыры таңбалап берген сыбағасы-тын. Мен «Өз анасын сүймеген жан өзгенің анасын құрметтей білеріне сенбеймін. Өз ұлтын қадірлемеген адам өзге ұлтты жетістіре қоюы да қиын. Өз ұясын, өз кіндік жұртын аңсамаған ұланның басқа мекенді, жат елді ардақтайтынына және күмәнім бар», – дейтін ойшыл Сәкеннің тұжырымын құптаймын...

Иә, қазаққа – тұлға халыққа тұтқа, ұлтқа – ұстаз, елге – қазық болған Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Сәкен Сейфуллин, Тұрар Рысқұлов, Смағұл Сәдуақасовтар аруағына сыйынып, рухына табынып, мәңгілік қадірлеп, қастерлеп өтер исі қазақтың біртумалары ғой. Кемшіліксіз жан тумайтынын, қателіксіз қайраткер өспейтінін есте тұтпаудан дау да, жау да табарымыз белгілі. Әйтпесе, жаңа аталары аталған ұлы азаматтарымыздың қай-қайсысының да қателескені, қайшылыққа ұрынғаны баршамызға біраз белгілі. Олар өмір сүрген сол ортаның күрделілігінен туындаған-ды. Солармен тұстас келген сұрапыл дауылды заманның үскірігі менызғарлығы әлгі арыстарды бірде бүрсендетіп, бірде қалтыратқанын ұмытпауға бола ма! Сәкен де өз дәуірінің бел баласы. Уақыт – болмыстың құдіретін мойындар болсақ, сол құдіреттің сан алуан тауқыметі мен ер-азаматты адастырар озбырлығын да сезінбей тұра алмаймыз.

Менің ірі тұлғалы Сәкенім ең алдымен арлы азамат еді. Ендеше ол еріксіз елінің тұтқасы, болмыстың ұйтқысы болуға тиісті-тін.

Кедейді жеткіземін, кемшілікті түзетемін деу – сол кездің ұраны болатын. Сол ұранға адал, сол уағызға берік болды. Сәкен Кешегі отаршыл империяның құлдығындағы елі Автономиялық республика туын желбіреткенде алғашқы үкімет басшысының бірі болып, халқын оқу-білімге, ғылым мен өнерге қаулысымен де, қаламымен де, ісімен де, жігер-күшімен де шақырған өзі болды. Сондағы ылғи ойлайтыны – қазақ тез көтеріліп, өзге ұлттармен тезірек терезе теңестірсе екен деген арманы еді.

Бірақ дүрбелеңге толы заманы Сәкенді де аямады. Күншілдік алдынан тосты, қызғаншақтық бұғалық тастады, жазғанын сынады, өндіргенін өшіруге тырысты. Алайда жан жақтан шәуілдей ұмтылған дарға үндемей қалса балтыры қанарын, балағы жыртыларын білмейтін ашық ауыз емес еді ол. Өр рухтың тәкаппар кеудесі иілмеді.

Солай бола тұра шыншыл ақын ақиқаттан аттамады. Қанша даулаcып жүрсе де Ақаңды... Байтұрсыновтай ағасын қатты ардақ тұтты. Мағжан досының ақындық құдіретіне азаматтығымен бас ие білді, қадірлей білді.

Ұзамай қазақ даласына Кіші Октябрь дауылымен қанды құйынын үйіріп Голощекин келді. Қазақ байларын тәркілеп, елді советтендіреміз, халықты отырықшыландырамыз деген сталиндік саясатты еркін жүзеге асырған Голощекин геноциді қазақты баудай қырықты.

Бұған ашынған ақын енді Голощекинмен ашық айқасқа шығады. Өзінің қателескеніне көзі жетіп. Смағұл Сәдуақасов пен Нығмет Нұрмақовтарды батыл қолдайды. Әсіресе Сәдуақасовтың 1923 жылы айтқан «Қазіргі кезеңде еліміз ешқандай дүрбелеңге зәру емес. Оған бейбіт еңбек қана қажет. Ауылдағы әлеуметтік-экономикалық қатынасты еш өзгертудің қажеті жоқ. Өйткені қазақ байы – қарапайым еңбек адамы. Қанаушы емес» дейтін тұжырымын кеш ұғынғандығына қатты өкініп өзінің бір сөзінде: «Қайран Аха... Ахмет аға шіркін. Смағұл «Барымызды дұрыс базарлайық, шикізат қана өндіріп, тағы да жаңа империяның отары болып тұттай қаналмайық!» – деп бармақ тістегені асыл азаматтың шыншыл, турашылдығының куәсі де ғой. Жалпы, ендігі жерде сәкентануға мүлде жаңаша көзқарас қажет.

**Софы СМАТАЕВ,**
**жазушы**

# ӨМІРЛЕРІ – ӨНЕГЕ

Бұдан біраз жыл бұрын Сәкен туған Қарашілікке ат басын тіреп, үлкен той жасап, Сәкен аруағын бір аунатып қайтқан едік. Ондай айшықты сәттер Сәкендей қайталанбас ғажайып тұлғаны дүниеге әкелген Қарашілікте жиі болса екен деп тілеймін.

Мен ақынның серілік өмірі, бүкіл шығармашылық болмысы, қайраткерлік қырлары, жалпы азаматтық ғұмырбаяны әрдайым қызықтырып отырады. Мәселен, оның өлім мен өмір арасымен азап вагонында кетіп бара жатып бір сәтке болса да сәулелі ойларға берілгендей поляктың лазуркаларын еске алатыны, елін, жерін сағынатыны қандай ғажап! Ақын Совдеп құлап, Ақмолада аяқ-қолы кісендеулі жатып, артынан әкесі Сәкең мен інісі Мәжит іздеп барғанда қауышып тұрып:

– Біздің Жамалекең әнін салып жүріп жатыр ма? – деп әзілдейді екен.

Жамалекесі – анасы. Қасиетті Жамал. Ақын Жамал. Әнші Жамал.

Бұл қандай құдірет! Ертең не боларын білмей отырған адам анамның әні деп еміренеді. Бұл не деген керемет, не деген күш-қайрат!

Өзім кезінде Сәкен туралы көпсериялы телехабарлар түсірдім. Бірақ қым-қуыт заман көп нәрсеге қолбайлау жасады. Сәкеннің өз әндерін түсіретін халге шама келмей қалған сәттер де кездескен еді. Дегенмен, бастаған істі лайықты аяқтап шықтық-ау деп ойлаймын.

Тегінде, мерейтойлық іс-шараларды жасаған дұрыс. Бірақ оған ет жеп, қымыз ішіп, әдемі сөйлеп тарау үшін ғана жиналмау керек шығар. Тойға жиналған қауым ең алдымен оның ертеңгі күнгі үлкен тағылымын есте сақтаса керек. Айталық, ағадылықтар Сәкеннің жүз жылдығында оның ескерткішін жаңғыртты.

Жалпы, осындай сәттерде жұрттың санасында қастерлі ұл-қыздардың әруағын көтере беру үшін енді не істеу керек, енді қандай игілікті шараларды қолға аламыз, ұлы перзенттер өмірінен жас ұрпақ нендей ұлағат алуы тиіс деген ой тұруы керек-ау.

**Илья ЖАҚАНОВ,**
**композитор, жазушы**

# ҚАЗАҚ БАРДА СӘКЕН ӨЛМЕЙДІ

Журналист коржынында талай-талай құнды дүниелердің жата беретіні заңдылық. Мен сонау 1994 жылы Сәкен Сейфулиннің жүз жылдық мерейтойына сәтінде белгілі сәкентанушы, профессор Тұрсынбек Кәкішевтің лебізін жазып алыппын. Енді сол сөздің аз ғана бөлігін оқырман назарына ұсынуды жөн көремін.

– Сәкеннің кіндік қаны тамған осы Қарашілікке қыстағына 1959 жылы ат-арбамен келгенім есіме түсіп тұр, – деді Тұрсынбек ағамыз, – Сонда Сәкеннің бір поэмасын Әпенді Ақыбековтің жастыққа тығып ұстағанын естігенмін. Қазіргі айтпағым ол емес. Ел назарына ұсынғым келетін екі-үш-ақ мәселе бар. Соларға ғана тоқталсам. Мысалы, Совет үкіметі құлады. Коммунистік партия тарады. Оның идеологияларының бәрі бүгінде мансұқталып жатыр. Ал Сәкен болса сол жүйенің туын көтерді. Кеңес үкіметі қазақ еліне, қазақ жұртына жақсылық әкеле жатыр, ол біздің тереземіздің басқалармен тең болуына жәрдемдеседі, жаңа заманға бағыттайды деп ұран көтерді, сол құрылымның серкесі болды. Ал тарихтан хабары жоқ немесе өздері де кезінде сол күйенің қолшоқпары болған кейбіреулер болса яки даңғазамен атын шығарғысы келетін тоғышарлар «Совет құлады, енді Сәкендер де құлауы керек» дегілері келеді. Шындығын айтқанда, кешегі өткен әлгі жетпіс жылдық кезеңді мүлдем жоққа шығару қисынға келе ме? Жоқ, әрине. Ол жақсы болсын, жаман болсын – халықтың өз тарихы. Бүкіл бір дәуірге қара бояу жаға салу оңай, ал оны түбегейлі мансұқ ету мүмкін емес. Бір жақсысы – өзі су ішкен құдыққа түкіретін әлгіндей келте ойлылар – желді күнгі тозаң сияқты аз ғана топ шағын ғана сұрқылтайлар. Олардың бүкіл халық атынан сөйлеуге құқылары жоқ. Ал, тарих сақталатын болса, Сәкен, Ілияс, Бейімбет, Сұлтанбек сияқты халықты өрге сүйреген ұлы азаматтар да жасай береді.

Алда Абай мен Жамбылдың, Мұхтардың тойлары тұр. Бұлар да өз заманында елі, жұрты үшін өмір сүрді. Сондықтан, олардың әрқайсысы өз биіктерінен орын алуға әбден лайықты. Олай болса мен халықтың анау анандай жазып жатыр екен, мынау мынандай сөйлеп жүр екен деп қам жемей-ақ қойғанын калар едім. Қазақ бар жерде Сәкенге өлім жоқ. Атасу кентінде ақынның мұражайы іске қосылыпты, үлкен ескерткіші орнатылыпты. Мұндай игілікті істер анау Ақмолада, Көкшетауда, Алматыда да жандана беретініне сенімім мол. Бұдан үш-төрт жыл бұрын мына Қарашілікті жаңаланып еді, енді бұл мекеннің келешекте Пушкин, Михайловский, Толстойлардың мекеніндей қасиетті де қастерлі орынға айналатындығына шүбәм жоқ. Ертең үрімбұтағымыз Қарашіліктегі Сәкен кесенесіне бас иіп келіп-кетіп жатса арманымыз не! – деп аяқтады әңгімесін ғұлама ғалым.

**Құлан САҒАТҰЛЫ,**
**журналист**



# Отан отбасынан

## *Батыр Бауыржан әңгімелерінен*



**Мамытбек ҚАЛДЫБАЙ, жазушы**

### АВТОРЛЫҚ ҚЫЗҒАНЫШ

– Қарапайым деген сөз бар. Бұл – ұлы сөз. Халқымның қарапайым ұлдары, қыздары болмаса, ұлыларымыз шықпас еді. Ұлылар қарапайым ұл-қыздарымыздың қарапайымдылығын, соның күре тамырын сезгеннен кейін ұлы боп шықты. Мысалы, Асан қайғы, Майқы би, Төле, Қаз дауысты Қазыбек, Әйтеке билер, Әлихан Бөкейханұлы, Мұстафа Шоқай, Тұрар Рысқұлов, қос Досмұхамедов, тағы басқалары аспаннан түстік деп еш уақытта ойлаған емес. Оған дәлел – ол кісілердің өздерінің сөздері.

Батыр да, жазушы да аспаннан түспейді. Ол халықтың әр заманға лайықты рухани, салт-сана, дәстүр тәрбиесінің жемісі.

Әр ұлттың, әр елдің өз қасиеті, өз дәстүрі бар. Олардың осы ерекшеліктерінің терең мағынасына түсініп, заманымыздың, үлкен дәуіріміздің қиын жағдайында бастарын, ниеттерін қосып тәрбиелеп, тәлімдеп отыратын жеке тұлғалардың болғаны – бақыт. Біздің халқымыз бұдан кенде емес. Мұны достарымыз былай тұрсын, дұшпандарымыз да мойындайды, мойындамауы мүмкін емес...

Баукең темекі тұтатып тартып, ойға енді. Ұзақ үнсіздіктен соң:

– Кейінгі жылдарда менің жаңа шығармаларым жоқ қой, – деді жұмсақ үн қатып. – Соған қарап кейбіреулер: «Бауыржан сарқылды», – дейді екен. «Сарқылды» деген әжептеуір сөз ғой, ә? Әрине, мұны есту маған жеңіл тиген жоқ. Жеңіл тимесе де, оларға өкпелемедім. Ақымақтарға өкпелеп қайтем? Олар жазған соң өзі автор болуы керек дейді екен.

Көріп жүрсің, қарағым, мен өз тәжірибемді, білімімді ешкімнен қызғанған емеспін. «Ойбай, мынаны өзім жазайын, мынаны бұған айтпайын» деген мінез менде жоқ қой, әлде бар ма?

– Жоқ.

– Е, сөйтсеңші. «Сен жаз, мен жазайын» дегеннен аулақпын. Ал шынына келгенде, шын авторы мен ғой. «Курица на сетке» дейді орыстар. Соның кебін кисем, мен бәрін жазып үлгере алмас едім. Мамытбек болсын, Михаил болсын, менің айтуым бойынша жазған авторларға ұрпақ, оқырмандар әділеттілігін өздері айтады. Түсіндің бе? Сол себепті мен ешкімнің жәрдемін қажет етпеймін. Мұны ақымақтық десең, өзің біл. Меніңше, бұл ешқандай ақымақтық, не тоңмойындық пікір емес.

Бірде бір туысым маған: «Неге көрінгенге әңгімеңізді айта бересіз? Өзіміз де жаза аламыз ғой», – деді. «Өзіміз» де дегені жалпы сөз ғой.

Мен «Ұшқан ұяны» әжеммен, әкеммен, Үбиан әпкеммен, тағы басқаларымен ақылдасып жазғаным жоқ қой. Оны алған әсерлерім жазғызды емес пе? Ал ана туысыма мені тыңдап, алған әсерлері бойынша ой қорытып жазуына кім кедергі жасап жүр? Мен ешкімге өзінің алған әсері, түсінгені туралы жазуына тыйым салған емеспін, тыйым сала алмаймын да ғой.

Ал, шырағым, сенен жасыратын ештенем жоқ. Мына ақымақ жеңгең де әлгі туысыма ұқсап, «папа» дейді. Анау қырыққа қарай, мынау елуге қарай кетті. Бұларға жазбандар деппін бе?

Сырымды айтқанда мені түсінеді деп сеніп айтам. Бар материалды түсініп, келістіріп жаза білсең жақсы, ал оны іске асыра алмай кор қылсаң ше? Оған қабілетің жетпесе ше? Онда оқырман өзөзінен кейіп, несіне малтанды езіп отырсың демей ме?

Горькийдің ең үлкен шығармасы – «Менің университеттерім». Оны оқымасаң, оқып шық. Максим Горький жаяу, тиынсыз қаңғып, елді аралаған. Оның кәмелеттік аттестаты да болмаған, ал университеттері болған.

Сендерге тегін орта, жоғары білім берді. М.Горький ондай мүмкіндіктен құралақан өсті.

...Маяковскийдің де жоғары білімі болған емес. Есенинді алғын. Шоқан Уәлиханов кадет корпусын бітірді. Кадет корпусы деген сөз осы күндегі түсінік бойынша бастауыш әскери училище. Ол ефрейтор, кіші сержант дайындайды. Шоқан соны ғана бітірген. Бірақ бойында құдай берген қабілеті бар, ол халқына мәңгі өлмес қазына сыйлады.

Тума таланттың осындай құпиясы көп. Оны түсініп, мойындау керек.

– Әй, Бауыржан туралы Бек, Әзілхан жазды ғой. Мамытбек те жазып па? Қойсандаршы! – депті бір журналдың білдей қызметкері. Мұның атын іштарлық дейді. Іштарлық деген нәрсе ақылды кісінің ісі емес. Іші тар болса, оның басы да тар, жаны да, ары да тар. Іштарлық ақымақтарға ғана тән нәрсе.

Біздің қазақта бір әке, бір шешеден туғандар қастасып кеткен. Бұл іштарлықтан.

Әрине, іштарлық басқа халықта да бар. Бұл – бүкілхалықтық кемістік. Дегенмен, іштарлық жағынан басқаларға қарағанда біз әжептеуір «бәйге» аламыз. Менің ұғымымша, қарағым, жақсыны да, жаманды да көрген кісімін ғой, іштарлық – өзіңді-өзіңе қас ететін ауру... «Мұны неге айтып отырсың» деп менен сұрамаймысың?

– Мұны неге айтып отырсыз?

– Мен өзімді өзіме қас еткім келмейді. Түсіндің бе?

– Түсіндім.

– Түсінсең, шырағым, менде авторлық қызғаныш атымен жоқ...

### АҚЫМАҚТЫҢ АҚЫЛЫ

– Саналы ойлануды творчестволық ойлану дейміз, – деді Баукең сабырлы қалпын өзгертпей.

Соның өзінде қанша қайшылық бар? Бір ойың бір ойыңа сәйкес келмейді. Бір санаң бір санаңа қарсы. Ертеңінде «қап!» деп өкінесің. Бүгінгінің соты – ертеңгі күн, ертеңгінің соты бүрсүгіні. Сол сотқа кейде жөнді жауап бере алмай күйіппісіп бармағыңды тістейсің, қиналасың. Бұл жайында халқымыздың «Ақымақтың ақылы түстен кейін кіреді» деген мақалы бар. Оны кекетіп айтқан деп мазақтап күлесіңдер...

Баукең езу тартты.

– Это – убийственное слово. Бұл, шын мәнінде, философиялық сөз. Сен, шырағым, мені періште деп ойламағын. Мен періште емеспін, адам баласымын. Өз заманыма, өз қоғамыма жарастығы жетістігім де, кемістігім де бар. Оның түп себебі қара шаңырақтан, ортадан басталады. Ешкім қаражүрек, оңбаған, не дана боп туған жоқ...

Бұрнағы күні сағат алтыға он бес минөт қалғанда Асқар Тоқпанов деген інім келді.

– Ассалаумағалайкүм, батыр аға! Жаман інің алпысқа толды.

– Иә, газет-журнал біткен шуылдап жатыр. Теледидардан сөйледің. Оны көрдік, шырағым. Құтты болсын.

– Ағатай, балалар балалық істепті. Сіздерге шақыру билетін жібермепті. Бүгін М.Әуезов атындағы драмалық театрда жиналыс. Соған өзім шақыра келдім.

Оған қырық бес минөт қалыпты.

– Қап! Қап! – деп қояды.

– Кешіріңіз, ағатай, кешіріңіз... Апам, жеңгей үшеуіңіз келіңіз. Сіз келсеңіз, жұрт «Бауыржан келіпті» дейді. Төбем көкке жетеді ғой...

– Иә, қарағым, дұрыс.

– Күтемін, ағатай.

– Енді баруға тырысамыз.

– Тырысуды қойыңыз, келіңіз.

Ехе-хе, – деп күлді. Қып-қызыл ақымақ. Билетті кемінде он күн бұрын таратқан. Енді қырық бес минөт қалғанда самолетпен ұшып жетуім керек пе? Қатыным болса – жұмыста.

Бір сағат қалғанда бұл ақымаққа біреу: «Әй, Бауыржанды шақырмағаның қалай?!» – деу керек. Соған әпкем түсініп:

– Адыра қалғыр мұнысы несі? – деп ашуланды.

– Әпке, оған ренжімеңіз. Мұның себебі бар. Алғаш: «Бауыржанды шақырып қайтесің?» – деген сөз болу керек. Әйтеуір, себепсіз емес. Асығып киініп, елдің соңында сүмірейіп баратын мен балашағамын ба? Бұл – екіжүзділік, өзін-өзі сыйламағандық. Оған мен ренжіп отырғам жоқ. Еш болмаса бір күнібұрын билетін бермей ме? Тапқан екен «балалар балалық жасапты» деп алдауды. Тағы, дәстүріміз бойынша құрқол бара алмаймын...

Баукең темекі тұтатып тартып, бөлме ішін кезе бастады. Әлден соң орнына кеп отырды. Кенет:

– Екінші жағдайды айтайын, – деді серпіле. – Сапекең (Сапарғали Бегалин) телефон соқты. – Қазір бір баланы жіберейін.

– Ракмет, Сапеке, билетті алдым. Баланы әурелемеңіз. Сіз шақырсаңыз да, шақырмасаңыз да барамын.

– Иә, ата баласысың ғой. Сен келсең қатты көтеріліп қаламын, қарағым.

Баукең маған барлай қарап:

– Мінеки, өзің салыстыр. Тоқсандағы Сапекең қандай, алпыстағы алжыған ақымақ інім қандай?!

Ертең Сапекеңнің жиналысына, сөз жоқ, барамыз. Сөйле десе, сөйлеуім де мүмкін.

Сәл бөгеліп:

– Асқар ақымақтың ақылы түстен кейін емес, кеш батқанда кіріпті, – деді кекете күліп.

### КІМ БОЛДЫ ЕКЕН?..

Жеңгей қызмет орныма телефон соғып, мені іздепті. Хабарластым.

– Неге үнсіз кеттің, қарағым?

– Үнсіз кетпей қайтем? Барсам, жақтырмай қабақ шытасыз, сәлемімді де алмайсыз. Содан, лаж жоқ, сырттай тілеулес болып жүре берейін деп шештім.

– Әй, қарағым, қатындардың майда сөзін қой. Адам әртүрлі жағдайда жүргенде амандасқан, амандаспағанын да білмейді екен (бұл – кінәсін мойындау ғой). – Тұс қайта қолың тие ме?

– Тиеді.

– Тисе, үйге кел. Ақылдасатын шаруа бар.

Тұс қайта бардым. Баукеңнің өңі жұған шүберектей боп-боз, көзінің алды томпайыңқырап, жақ сүйектері шодырая түскен. Ұйқыдан тұрғандықтан ба, шашы ұйпа-тұйпа.

– Неге келдің, а?! Сені кім шақырды?!

– Мен, – деді жеңгей маған ара түсіп.

– Е, бүлдірген сен екенсің ғой. Мұны үйден қуып шығайын десем...

– Бұл баланың жазығы не, Бауке?

– Жазығы – сен жамандамасын деймін.

Жеңгей бұрқылдай ашуланып, бөлмеден шығып кетті.

Баукең асықпай темекі тұтатып тартып, сөзін бастады.

– Қарағым, көңіліңе алма, сені жақтырмай дауыс көтергенім – жеңгең ойлансын дегенім. Бүгін қаңтардың он жетісі ме?

– Он тоғызы.

– Жарайды, нешіншісі болса да, маған бәрібір. Сен жөндеп тыңда. Сырқатымнан арылып келе жатқаныма екі-үш күн болды ма, болмады ма, білмеймін. Жетпіске толған тойымды өткізгенде ниетім адал еді. Лермонтов атындағы орыс драма театрында салтанатты жиналыс болып, жұрт сөйледі. Мен де сөйледім. Сен оған қатыстың ғой, ә?

– Қатыстым.

– Орден берді. Ол – сыйлады деген сөз. Елге де, үкіметке де рақмет.

Менің бір ақымақтығым (солай деп біл), мына жеңгеңнің жамағайынын тойдың комиссия мүшесіне енгізуге келісіппін. Онымен де тұрмай ұйымдастыру тізгінін соның қолына беріппін. Оған өзіме сенгендей сеніппін.

Талғардың мал бордақылау пунктінен бір семіз жылқыны Мекемтас екеуің әкелдіңдер. Әйтеуір, ет, тамақ жағынан қосымша дайындығымыз жаман болған жоқ.



# БАСТАЛАДЫ

Арам жамағайын қалалық сауда бөлімі бөлген азық-түліктің бәрін «Қаламгер» кафесіне тапсырады. Бірер күн өткен соң:

– Ойбай, «Қаламгердің» жағдайы нашар, мұнда қонақтар аяқ асты болып кетеді екен, тағы маскүнемдер көп. «Алматы» мейрамханасының бесінші қабатындағы зал меңгерушісімен келістім, – дейді.

Жеңгең туысым деп оған (менімен ақылдаспай) «мақұл» дей салады.

– Ақша керек!

– Қанша?

– Адам басына он екі сомнан. Екі мың сом бересіз. – Жеңгең маған айтпай сарт дегізіп екі мыңды береді. Кейін тағы алты жүз алады. Жылқы, сойыс өзімізден деп жаңа айттым ғой.

– Кімді шақырамыз?

– Жаманды-жақсылы Жазушылар одағы бар. Соның басшыларымен ақылдасыңдар, – дегем. – Ал Алматыдағы туған-туысқандарым қатын-қалашымен жиырмадан аса коймас. Тек тізімді алып кеп көрсетіңдер. Дастарқан мол болсын. Мен сексенге жетем бе, жетпеймін бе? Құдайға шүкір, орташадан жоғарылау дәулетім бар. Ақша жағынан қысылмаңдар.

– Иә, дұрыс.

– Жүз елу кісіге есеп жасаңдар. Үш сом, бес сом деп саудаласпайық. Анау-мынау дегенді қойыңдар. Қысылмаңдар, тағы келім-кетім болады ғой.

Ертесіне телефон тырр-рр етті.

– Бауке, осылай келістік, есеп жасап қойдық. Банкетіңізді Асқар Тоқпанов басқарса деп ұйғарып отырмыз.

– Әй, қарағым, Асқар Тоқпанов жаман жігіт емес, жақсы, таланты бар жігіт. Ол – режиссер-қоюшы. Ол екі сөзінің бірінде Станиславский, Данченко-Немирович деп кете береді. Ел оларды біле ме, білмей ме, ісі жоқ.

Профессор деген атақ берді, онысы да жарасымды. Ол барлық тапсырған нәрсеге режиссер-қоюшы ретінде қарап, елдің бәрін актер істегісі келеді. Сол себепті, оған мұндай нәрсені тапсыруға болмайды. Келем десе, келсін, сөйлеймін десе, сөйлесін. Жазушылар одағының шешімі бойынша тойдың комиссия төрағасы – Ғабит Мүсірепов. Ғабең жетпіс жылдығыма арналған жиналысымды сөз сөйлеп ашты. Енді тойдың дастарқан ағасы да сол кісі болсын...

Арам жамағайын келіскендей үнсіз қалды. Театрда өткен салтанатты жиналыста өзің болдың, қарағым. Қалай өткенін білесің. Тахауи Ахтанов баяндама жасады. Тойдың да қалай өткенін көрдің. Ғабиттің, Әбудің, Әбділданың, Әбдіжәмілдің, Жұбанның, Тахауидың, тағы басқалардың төрдегі орны бос тұрды. Келеді деп ешкімді отырғызбай күттік. Біреуі келген жоқ. Кейіннен білсек, оларға шақыру билеті берілмепті.

Жас болсын, кәрі болсын, әркімде көкірек бар, қарағым.

– Бәріміз сыйлаймыз. Кім көрінгенді шақырып, бізді неге шақырмайды? Бауыржанның мұнысы несі? – деп олар көңілдеріне алған ғой.

Әрі-беріден кейін қандыкөйлек досым Снегиннің өзіне шақыру билеті берілмеген. «Өз бетімше сүмірейіп барғаным өлім ғой» деп ол да келмей қойды. Оларға арналған орын бос тұрды.

Тойға келгендердің көбі мен танымайтын әлдекім бала-шаға. Шырағым, көңіліңе келсін, келмесін, біздің атағы, таланты бар жігіттер есепте ғой. Солардың көбісі жоқ. Қадірлі қонақтардың біреуі келмеді. «Бұл қалай?» деп не істерімді білмедім. Жарылсам ба екен, жарылмасам ба екен?

– Хватит, банкет отменяется, – деп айтуға аузым бармады. Екі қолым, екі аяғым тұсалып қалды. Мына жеңгеңнің жамағайыны билетті өзіміз таратамыз, сіз ол жағынан алаң болмаңыз деп жаны ашығансыған еді. Бүйтіп жаны ашығаны құрып кетсін! Мұны қарсыластырымның әдейі ұйымдастырғанын кеш білдім. Тойда кімге риза болдың десеңші?

Мен үндемедім.

– Мәриям жеңгей мен Хамит, Ғафу інілеріме риза болдым. Хамит пен Ғафуға:

– Тойды екеуің басқарыңдар, – деп біреу сыбырласа керек.

– Ғабең қайда? Сендер басқармаңдар, – деп қайтіп айтам? Өйтсем, қып-қызыл ақымақтық қой.

Хамит, Ғафу екеуі басқаргансып отырды. «Басқарғансып» дегенге дұрыс түсін, қарағым.

Шатақ шығарғым келмеді. Шатақ шығарайын десем, өз тойын өзі бүзды деген сөзге қалам ғой. Сонда да шыдай алмай, ашуым, намысым қозып, орнымнан екінші рет тұрдым. Мәриям жеңгей көзін алартып, түсін суытып:

– Болды, екі рет сөйлейсің бе?! Жаңа сөйледің ғой, отыр орныңа! – деп тастады.

Мәриям жеңгем тыйым салмағанда:

– Таңғаламын, таңданамын, ардақты ағаларымды, ұстаз тұтатын адамдарымды, аяулы інілерімді шақырып едім, сіздер келдіңіздер, рақмет, – дер едім.

Иттердің иттік істегенін Мәриям жеңгей сезе білді. Текті жердің қызы екені рас екен. Менің ашуланып, намыстанып отырғанымды байқапты. Бұл жеңгемнің кім екеніне үлкен бір мінездеме. Көргенсіз, тексіз әйел болса:

– Оттай берсін, менің нем кетті, – дейді ғой.

Хамит пен Ғафу тойды төрде емес, ірге де отырып басқарды. Екеуі, байқауымша, «енді қайттік?» деп қиналып отырды. Арам жамағайын аха-халап күліп мәз. Мәз болмай қайтсін, қарсыластарымның тапсырмасын артығымен орындаса.

Ашуымды үйімде де баса алмадым. Ертеңіне Мекемтас келіп, мына сенің орныңда отырып, өз обалын өзіне дегендей мені кінәлады.

– Бауке, біздің өзімізге тапсырғаныңызда қатырып ұйымдастырар едік, – деді. Он абсолютно прав. Ол да бәрін байқапты. Жақын көріп, сенгеніміз мына жеңгеңнің жамағайыны ит, ит емес шошқа екен. Кейін тексеріп білдім, ол мұның жай рулас, әйтеуір, атасы алыстан қосылатын біреу екен. Бұл соған сеніпті, мен бұған сеніп ақымақ болыппын. Енді өкін, өкінбе, бәрі кеш.

– Мен еш уақытта мұндай үлкен нәрсеге араласпап едім, тәжірибем жоқ еді, – деп жеңгең болар іс болған соң ақталмақ сыңай танытты.

– Тәжірибең жоқ болса, неге араластың? Осында Мекемтас, Мамытбек деген сырмінез, шын жан ашыр, жақсы жігіттер бар еді. Оларды жолатпай қойдың, – деп ашуландым. Так я был оскорблен, так я был обижен перед друзьями, перед аксакалами.

Тойымда бас ұстауға тиіс, жасы үлкен ақсақалдарымыз Сапекеңнің (Сапарғали Бегалиннің), Ғабиттің, Ғабиденнің болмағаны жаныма өте-мөте қатты батты. Жақсылы-жаманды Бауыржан ғой, жетпіске екі рет келе ме деп шақыру билетін алса, ол кісілер сөзсіз төбе көрсетер еді.

Жеңгеңнің кесірінен той бүлінді. Өзің көрдің, ақсақалдардың орны бос тұрды. Мал сойылған үйдің төрінде бас ұстайтын ақсақал отырса, дастарқаны берекелі, көңілді, ниеті қабыл болады. Мал сойған үйдің төрінде бас ұстайтын ақсақал отырмаса, сойған малы да, ниеті де зая кетеді. Жастар: «Пәленше атам құлағын пәленшеге берді, мен бастан дәм таттым», – дейді қуанып.

Бас ұстады деген аты ғана, әйтпесе, шалдар басты жемейді, ырым ғып дәмін ғана татып, жағалай отырғандарға қыдыртады. Бұл, шын мәнінде – құрмет. Төрде осы құрметке лайық ақсақалдың отырмағанына қатты күйіндім. Өз қолыммен жазған тізімді ана арамза былай шыға бере сызып тастап, мен танымайтын өңшең бала-шағаны шақырыпты.

Әбділда Тәжібаев сырқаттанып аурухана да жатса керек, әйелі Сараға: «Сен бар, ағаң ауруханаға түсіп қалды дегін», – деп нұсқау береді. Сөйтсе, шақыру билеті жеңгемнің қолына тимейді. Жұбан болса, «Баукеңнің жетпіс жылдығына арналған жиналысты ашуым, парыз, Жазушылар одағының бірінші хатшысымын», – деп Мәскеуден, жұмысын тастап келеді. Оған рақмет. Оның үстіне, «Алматы» шипажайына жолдама да алып қойыпты. Әйелі:

– Бір күнің өтіп кетті. Шипажайға кеше баруымыз керек еді, бүгін барайық, – десе: – Шипажай ешқайда қашпайды. Баукеңнің дастарқанынан дәм татып, елдің ортасында болып, бір-екі күн кешігіп барамыз, – дейді. Сөйткен оған да шақыру билеті жоқ. Күтіп әрі отырады, бері отырады.

– Ойбай, мұнысы несі, Құдай-ау? – деп Жұбан ашуланады. Дмитрий Снегин болса:

– Сүйіктім, Бауыржанның банкеті жақсы болады. Көптен бері қазы-қарта жеген жоқ едім, әдейі тамақтанбай, аш барғым келіп отыр, – дейді әйеліне. Ол да күтіп әрі отырады, бері отырады, шақыру билеті жоқ.

Кеше естідім, Ғабең: «Орталық комитетке» Бауыржанның тойын ұялмайтындай, жақсы өткізейік» деп өзім бардым, салтанатты жиналысын өзім аштым. Бұдан артық менен не керек? Бұл иттің жетпіс жылдық тойының комиссия төрағасы болам деген де өзім едім. Мен де жерде жатқан кісі емеспін. Бауыржанның тентектігін де, еркелігін де көтеріп ем», – деп ренжіпті.

Әбділда Тәжібаев болса: «Күллі Алматыдағы ит пен құсты шақырғанда бізді ұмытарлық жазығымыз не? Жамандыжақсылы сыйласып жүр едік қой. Мені менсінбеді, екеуміз бір ұядан ұшқан едік», – деп өкпелепті. Маған деген Тахауи Ахтановтың да, Әбдіжәміл Нұрпейісовтің де, Әлжаппар Әбішевтің де өкпесі қара қазандай. Тахауи:

– Мен Баукеңнің жетпіске толған салтанатты жиналысында жақсылы-жаманды баяндама жасадым. Мені елемегені несі? – депті ренжіп. Әбдіжәмілдің не айтқанын білмеймін, ол да ренжулі. Жазушылар одағы хатшыларының біреуі шақырылмапты.

Көшеде Қалтай мына жеңгеңе жолығып қап, амандасып:

– Жәмке, Жазушылар одағы хатшыларының біреуін шақырмадыңыздар. Бұларыңыз тіпті ерсі көрінді, түкке түсінбедік. Біздің жазығымыз не? – десе:

– Мен қайдан білейін, па-па, – депті мына ақымақ қатын. Өзі не сөйлерін де білмейтін біреу-ау деймін...

Мен шыдай алмай мырс ете жаздап, өзімді әрең ұстадым.

– Бауке, Бауке дегеннен басқа не жазып едім? Бір ауылда өстік, бірге оқыдық, бір күлшені бөліп жедік. Тағы екеуміз құрдаспыз. Ол жетпіске келсе, мен де келдім. Бір кесе шайын ашы ма? Әлде картайғанда алжыды ма? – деп Құрманбек Сағындықовтың да өкпесі қара қазандай.

Тағы бір құрдасым жетпіске толды. Банкет істепті. Естіген құлақта жазық жоқ.

– Баукеңді шақырмағансыз ба? – деген бір жігітке ол жақтырмай қарап:

– Әй, – депті. – Бауыржан үшін заң жазылмаған. Сол себепті шақырмадым.

Баукең күлді.

– Мұнысы – ақымаққа заң жазылмаған дегені ғой. Мені ақымақ деп отыр. Қалай тауып айтқан?!

Баукең темекі түтінін қомағайлана жұтып:

– Бұл банкет мен үшін моральдық үлкен соққы болды, – деді ауыр күрсініп. – Ақсақалды ағаларым, ақ шашты жеңгелерім, қанаттас құрбы-құрдастарым, ізбасар іні-келіндерім алдында қатты қорландым, қатты ұялдым. «Дос боп жүріп қас болғаннан сақтан» дегенді мына жеңгеңе сенем деп естен шығарғаныма қатты өкіндім... Бұл қастықты ұйымдастырған кім болды екен? Оған мен не істеппін? Әкесін өлтіріппін бе, жоқ, әйелін айналдырыппын ба? Түсінсем, бұйырмасын?..

# КОГДА ОТМЕНЯТ «РЕФОРМЫ» ЕРЛАНА САГАДИЕВА?!



**Проблема преподавания четырех школьных предметов на английском языке, которую общественность поднимала на протяжении последних лет, наконец, решается. «Моя позиция: во-первых, должен быть казахский язык, русский язык. Они очень важны для наших детей. И только потом обучать английскому» – это взвешенная оценка президента Касым-Жомарта Токаева нашумевшей проблемы.**




### ПРОГРАММА ТРЕХЪЯЗЫЧИЯ САГАДИЕВА ОТМЕНЯЕТСЯ?!

Повод для оптимизма дают и заявления министра образования Куляш Шамшидиновой. Например, по поводу трехъязычия Шамшидинова заявила: «Изначально планировалось, что ученики должны изучать все предметы на всех трех языках – как на казахском, так и на английском и русском. Министерство образования и науки РК выделило деньги на обучение 11 тысяч преподавателей химии, биологии, физики и информатики. Но со следующего года мы планируем прекратить финансирование этой программы. Теперь переход на трехъязычие будет зависеть от готовности образовательного учреждения и самих учителей. На сегодняшний день четыре предмета преподаются на трех языках в 153 школах».

Если следовать логике этого заявления, то преподавания четырех предметов на английском языке в большинстве школ с сентября 2019 г. не будет, т.е. это волюнтаристское решение бывшего министра Сагадиева отменяется.

Ведь декларируемый переход на преподавание на английском языке в 2019 г. превратился в откровенную профанацию из-за отсутствия педагогов, на должном уровне владеющих английским языком. Обучить учителей за 3 месяца вести школьный предмет на английском языке – это чистой воды волюнтаризм. И, конечно, не в школе надо переучивать учителей, а целенаправленно готовить специалистов в педагогических вузах.

Необходимо растянуть программу внедрения трехъязычия на 10-20 лет, при этом не во всех школах страны, а лишь в подготовленных. Не надо превращать трехъязычие в самоцель: если в каких-то районах, селах, городах будут проблемы с трехъязычием, то его надо заменить трехъязычным образованием (углубленное изучение английского языка без обучения четырех предметов на английском). Надо исходить из реальных возможностей – невозможно за 5-7 лет подготовить таких учителей для всех школ республики, к тому же не все дети способны учиться на трех языках.

Можно по мере готовности школ, компетенции преподавателей, подготовки школьников повсеместно ввести разноуровневую систему по английскому языку и трехъязычию. Лишь из подготовленных школ в городах, районных центрах и селах открывать спецшколы с изучением основных предметов на трех языках.

Шамшидинова первым делом в министерском кресле отправила на доработку несколько учебников начальных классов, заявив, что в школьных учебниках есть определенные недостатки. В этом плане новый министр выгодно отличается от предыдущего руководителя ведомства, который затеял судебные тяжбы с блогерами и журналистами за их критику (!) школьных учебников, не говоря о «научных» судах.



### ОПЫТ НИШ НЕЛЬЗЯ РАСПРОСТРАНЯТЬ НА ВСЕ ШКОЛЫ

Куляш Шамшидинова – это практикующий педагог, знающая сферу образования изнутри. Когда в Алматы открывали НИШ, председатель правления АО «Назарбаев Интеллектуальные школы» сама ходила в обычные школы, чтобы рассказать о новом учебном заведении, об условиях поступления. Она выступала перед родителями, легко переходя с русского языка на казахский, терпеливо отвечая на все вопросы; компетентна, демократична. Опыт НИШ показал, что можно делать в стране средние учебные заведения не хуже некоторых аналогов за рубежом.

Несмотря на небольшой срок, эти заведения показали свою жизнеспособность, и их выпускники имеют успех при поступлении в вузы. Например, Казахстанско-Британский технический университет зачисляет поступивших абитуриентов из НИШ сразу на 2 курс. Это признание высокого уровня НИШ. Вслед за КБТУ такое решение могут принять и другие вузы – имеются отдельные предварительные соглашения. Немалое количество выпускников НИШ учится в престижных вузах страны, например, в Назарбаев Университете (НУ), и за рубежом.

Конечно, идея распространения опыта НИШ на все общеобразовательные школы появилась до того, как Сагадиев стал министром, но именно при нем она стала внедряться без подготовки. За основу программы обновленного содержания образования была взята модель НИШ: 12-летка, трехъязычное обучение, новые программы, учить детей мыслить нестандартно и критически, самим добывать и обрабатывать знания, развитие лидерских качеств, работать в команде и т.д.

Это обычная эклектика. Опыт НИШ нельзя переносить в обычные школы – это разные системы образования, программы, условия учебы. НИШ имеют интегрированную образовательную программу, в ее разработке принимали участие педагоги и партнеры из международного экспертного совета Кембриджского университета. Учеба начинается в 8.15 и заканчивается в 17.30, с дополнительными занятиями, кружками, секциями, подготовками к олимпиадам и т.д. НИШевцы обеспечиваются бесплатной школьной одеждой, бесплатным трехразовым питанием, учатся в новых просторных зданиях, имеется интернат для приезжих, некоторые предметы ведут два преподавателя. К тому же в эти школы поступают на основе большого конкурса лучшие ученики страны, работают лучшие учителя, в том числе из-за рубежа.



Основное отличие НИШ от обычных школ в том, что там выпускники не сдают ЕНТ, а сдают экзамены, подготовленные Международным экзаменационным советом Университета Кембридж (МЭСК), приравненные к ЕНТ.

Другое отличие – полное отсутствие коррупции, «блата-свата», сбора денег с родителей, лишних учебных предметов; есть справедливая оценка успеваемости, раскрытие таланта каждого. Если при сдаче ЕНТ большинство выпускников списывает, можно купить ответы, даже сертификат, то при поступлении в НИШ, при сдаче выпускных экзаменов, экзаменов МЭСК возможность списать – нулевая. Удивительно, что МОН до сих пор не переняло этот опыт НИШ при проведении коррумпированного ЕНТ.

### ЕНТ – ОСНОВА КОРРУПЦИИ И СНИЖЕНИЯ ЗНАНИЙ

Иными словами, идея распространения опыта НИШ на все школы должна начинаться с ЕНТ. Коррумпированное и дающее поверхностные, обрывочные знания ЕНТ – это та самая преемственность, которую поддерживали министры образования и науки в последние годы. Если Куляш Шамшидинова привнесет опыт НИШ в обычные школы в плане вытеснения или даже ликвидации ЕНТ, то новый министр сможет прервать эту порочную преемственность. Это будет восстановление нормальной системы образования, желательно с опорой не только на западные модели, но и советскую модель образования.

Будет огромная польза для образования – меньше будет студентов с фиктивными знаниями и будущих фиктивных специалистов. Ведь практика списывания распространена и в вузах при сдаче тестов, курсовых, дипломных работ. Например, в КазНМУ имени С.Д.Асфендиярова отчислили студентов, принимавших активное участие в сборе средств, чтобы получить правильные ответы на тестовые задания. Ответы на вопросы в вузовских тестах, которые проводятся на компьютере, можно получить за определенную плату – для этого достаточно иметь один аккаунт для сдающего и его «учителя».

Для сравнения. В НУ невозможно списать и во время экзаменов при поступлении, и при сдаче тестов и экзаменов во время учебы: отсутствие коррупции – основа высоких знаний. У каждого студента имеется своя идентификационная карта или ID-карта, с помощью которой сдается письменный тест или экзамен – никто не сможет со стороны помочь, а преподавателя уволят при первой же попытке как-то помочь студенту.

А студенты, поступившие с помощью ЕНТ, поражают незнанием многих элементарных фактов и безграмотностью – ведь ЕНТ не проверяет его устную речь, умение излагать свои мысли, логически мыслить, а также его способность грамотно писать сочинение, эссе, исследование, заметку. Например, в школе, по их словам, они лишь изучают биографию автора, но сами романы и повести они не читают. Неумение логически мыслить, отсутствие критического мышления, незнание фактологии по многим предметам – вот портрет студента после ЕНТ. ЕНТ противоречит новой программе учить детей мыслить нестандартно и критически, самим добывать и обрабатывать знания и т.д.

Желая как бы изменить ситуацию с ЕНТ, МОН отменило его в школе как итоговые экзамены, но оставило как вступительные экзамены при поступлении в вуз, т.е. для большинства выпускников-абитуриентов. К тому же Сагадиев официально заявил, что в школе не должны готовить школьников к ЕНТ: вроде тестирование не основано на школьной программе, которое можно пройти без подготовки (?). Мол, изменился и формат заданий в ЕНТ, в которых оценивается функциональная грамотность, а не зубрежка фактов.

Дело в том, что под видом миграции ЕНТ в SAT в тесты вместо языка жырау, Абая, Ауэзова, Маргулана, Аймауытова вводится язык желтой прессы и социальных сетей, вместо имен поэтов, писателей, ученых – имена телеведущих, режиссеров, спортсменов, певцов и т.д. Вместо текстов из научных трудов, произведений великих писателей, поэтов, известных публицистов, казахского эпоса, пословиц, поговорок – тексты «из жизни звезд» и социальных сетей. Это явная профанация целей и идей школьного тестирования!

Во всем мире выпускники школ готовятся к вступительным экзаменам в вуз на базе среднего образования, а «реформатор» Ерлан Сагадиев чудесным образом отменил взаимосвязь школьного образования с экзаменами в вуз и высшим образованием. В вузах многих стран экзамены – не только тестирование, а и творческие задания (сочинения, эссе), в которых проявляются индивидуальные способности абитуриента, а также проводятся собеседования, устные экзамены, которые основаны на школьной программе.

Любые виды школьного тестирования, в том числе и ЕНТ, как и учебники, должны быть в рамках школьной программы и определенных научных принципов, как систематичность знаний, их преемственность и последовательность, в определенной логической системе, связь с практикой, межпредметные связи. Это азбучные истины образования, которые опровергли «реформы» Сагадиева.

**Дастан ЕЛДЕС**
*d.eldesov@mail.ru*



## Болат СМАГУЛОВ:

# КАЗАХСКИЙ ЯЗЫК НЕ СЛОЖНЕЕ ЛЮБОГО ДРУГОГО




**В очередном интервью со старшим научным сотрудником Института истории и этнологии им. Ч. Ч. Валиханова Комитета науки Министерства образования и науки Республики Казахстан, доцентом, кандидатом исторических наук Болатом Смагуловым мы поговорим о том, с чего лучше начать изучение казахского языка.**

**– Болат, вопрос, который обсуждается достаточно часто, но продолжает оставаться актуальным: насколько сложен для изучения казахский язык?**

– Сложность любого языка – понятие относительное. Казахский язык относится к тюркской ветви алтайской языковой семьи. Отсюда понятно, что для носителей тюркских языков (татар, кыргызов, турок, башкир, азербайджанцев, узбеков и др.) он изначально особой сложности не представляет. Поэтому неудивительно, что абсолютное большинство проживающих в современном Казахстане представителей тюркских этносов владеют казахским языком. Известно, что в дореволюционном Казахстане татары часто выступали в качестве переводчиков между казахами и русскими властями. В настоящее время посещающие Казахстан граждане Турции, как правило, быстро овладевают казахским языком. Точно так же, полагаю, итальянец без особого труда овладел бы испанским языком, а португалец – французским, швед – датским, а финн – эстонским. Поэтому для кого-то казахский язык сложен (скажем, для итальянца), для кого-то нет (для кумыка, например). Логически можно предположить, что сложны языки изолированные, не имеющие родственных связей с другими языками.

**– С чего, по вашему мнению, нужно начинать изучать казахский язык?**

– Думаю, прежде всего, необходимо внутреннее желание изучить язык. Без этого овладение языком невозможно. Я както смотрел репортаж из Украины, где чистокровный японец в эфире украинского телевидения свободно изъяснялся поукраински. В Казахстане есть целая плеяда молодых людей, прекрасно владеющих казахским языком, таких, как Оксана Петерс, Максим Споткай, Анна Данченко, Татьяна Еремина и другие. Иногда приходится слышать рассуждения в духе, «зачем учить казахский, все равно ты ничего не добьешься в Казахстане, даже если будешь знать казахский». Мне кажется, в этих случаях люди просто пытаются найти оправдание своей лени, нежеланию.

Помню, как мой научный руководитель, профессор Николай Аркадьевич Томилов заставлял нас, аспирантов, писать заявки на гранты, и когда кто-то из нас говорил: «Зачем писать? Все равно ничего не выиграем», он отвечал: «А Вы пробовали писать?». И тут выяснялось, что никто даже не пробовал. Тут примерно то же самое. Не пробовали, но говорим. В целом человеческое общество не является закрытой системой. При изучении языка, интеграции в соответствующее общество люди добиваются признания. К примеру, казашка Джамиля Стехликова стала министром в правительстве Чехии, мусульманин из польско-литовских татар Селим Хазбиевич стал послом Польши в Казахстане. В Османской империи великими визирями часто становились выходцы из Албании и других районов Балкан. И таких примеров из истории можно приводить великое множество.

Казахский язык относится к так называемым агглютинативным языкам, в которых изменение слова (например, в падеже) происходит за счет «приклеивания» к нему определенных окончаний. При этом исключений из правил практически нет, что значительно облегчает изучение казахского языка.

Кроме того, следует учитывать, что в казахском языке имеется ряд звуков, находящих аналогии в европейских языках, например, ө [ö], ү [ü], ә [ä ], как в немецком, венгерском, финском и других языках. В казахском языке присутствует даже знаменитый французский прононс (Ң) и само слово «СОҢ» (помните эпизод с тещей Воробьянинова из фильма «Двенадцать стульев»), которое казахи произносят аналогично французам.

И второе. Не нужно стесняться говорить по-казахски. Пусть с акцентом, пусть где-то неправильно. Люди деликатно подскажут...

**– Поговорим о методиках. Существуют очень хорошие видеоуроки изучения, например, английского языка, созданные телеканалом BBC и адаптированные для носителей других языков. В игровой форме, с очень запоминающимися персонажами. Почему бы не использовать этот опыт (культурологически адаптированный) применительно к изучению казахского языка?**

– Конечно, яркие, запоминающиеся персонажи активно воздействуют на подсознание человека, особенно ребенка. На мой взгляд, это особенно эффективно с мультфильмами. Сколько раз приходилось слышать, как дети произносят вполне себе поанглийски: «SPONGEBOB SQUAREPANTS» (Губка Боб Квадратные Штаны). Думаю, было бы полезно запускать на телевидении короткие рекламные ролики наподобие яркой, запоминающейся рекламы банка «Империал» (Россия, 1990-е гг.) с упором на изучение казахского языка.

**– Не кажется ли вам, что для более успешного изучения казахского языка, необходимо максимально насытить информационное пространство? Возьмём простой пример. Ценники на товарах в любом магазине. Ведь можно дублировать: «ЕТ – МЯСО», «СУ – ВОДА», «НАН – ХЛЕБ»... Это такие простые сигнальные системы. Собственно, методика детского сада.**

– Насколько я могу судить, на данный момент в Казахстане насыщение информационного пространства не является уже проблемой: визуальная информация в городах дается как минимум на двух языках (казахском и русском). Мне думается, необходимо использование комплекса методов, поскольку простое насыщение информационного пространства, о котором говорите Вы, недостаточно. Согласимся, наверное, что человек может просто читать информацию на своем языке, не обращая внимания на надписи на другом языке.

**– Изучение языка начинается с детского сада и школы. Как вы считаете, какие образовательные моменты по изучению казахского языка необходимо ввести в работу детских садов и школ?**

– Изучению казахского языка в детских садах, в особенности в школах, должно уделяться особое внимание именно со стороны государства. Если говорить об образовательных моментах, то думаю, в данном случае речь идет о конкретных педагогических технологиях, которые уже давно известны, разработаны учеными. Требуется преломить эти технологии применительно к казахскому языку. Но это уже сфера профессиональной деятельности учителя. Государство же со своей стороны вправе требовать от учителей казахского языка и директоров русских школ конкретных результатов обучения детей казахскому языку. В противном случае бюджетные средства уходят впустую, несмотря на достаточное количество часов, выделяемых на изучение казахского языка. Овладение учащимися казахским языком должно рассматриваться как один из критериев эффективности работы учителей казахского языка, директора и школы в целом. А дальше, соответственно, должны приниматься кадровые решения.

**– Что можно сделать ещё в условиях городской инфраструктуры для того чтобы взрослые люди могли изучать казахский язык?**

– Следует отметить, что ситуация с казахским языком значительно изменилась после 1991 года. Казахи стали большинством в городском населении Казахстана. Сфера применения казахского языка значительно расширилась, особенно среди молодежи. К примеру, в Алматы я намеренно обращался к молодым казахам на казахском языке с просьбой указать дорогу, адрес и т.д. Я ни разу не услышал, чтобы кто-то сказал, что не понимает казахского языка. Некоторые проблемы с языком, как мне кажется, испытывают казахи 55–60 лет, молодые годы которых прошли в СССР. Но улучшение знания казахского языка населением в целом мало затронуло русское население. Одной из причин этого я вижу как раз в упущениях в обучении казахскому языку в средних школах. Еще раз повторю, что в этом вопросе необходима активизация роли государства.





*Редакция «Салем, Экибастуз»*

## Тоты АМИРОВА:

# ГЛАВНАЯ ПРИЧИНА КРИЗИСА – ОГРОМНОЕ КОЛИЧЕСТВО ТЕОРЕТИКОВ В ОРГАНАХ УПРАВЛЕНИЯ



**Основная причина экономического кризиса – огромное количество теоретиков в чиновничестве. Любую хорошую идею превращают в кампанейщину. Называя ее «цифровизацией», «трансформацией», делают кучу слайдов, проводят форумы, но с реальностью все это имеет мало общего. Когда же наступает «момент истины», пытаются экономические проблемы представить в виде политических. Об этом рассказала главный авиационный инспектор Комитета гражданской авиации Министерства инвестиции и развития РК Тоты Амирова camonitor.kz.**

### О ЛЕТАЮЩИХ ЗАВОДАХ И ФАБРИКАХ

Анализируя ситуацию в стране, она предлагает свои рецепты оздоровления экономики. Первый из них – министерства и ведомства должны избавиться от управленцев-теоретиков, ни дня не работавших на производстве.

**- В каком состоянии находится сейчас казахстанская авиация?**

- По сравнению с 1990-ми и «нулевыми» годами лучше, но хотелось бы, чтобы она развивалась более быстрыми темпами. Для сохранения экономической безопасности страны необходимо, чтобы наша авиация имела свой парк воздушных судов. Сейчас в больших авиакомпаниях с участием государства у нас работают на новых, но арендованных самолетах, а в небольших частных летают на старых. Поэтому, когда заходят дискуссии о развитии экономики вообще, то я всегда придерживаюсь той точки зрения, что авиация должна идти не следом, а впереди.

По первому образованию я авиационный инженер-экономист, но здесь даже не надо углубляться в законы этой науки: бизнес и туристы идут туда, где дешевые авиационные перелеты и недорогая еда. Разговоры о том, что вот, мол, разовьем вначале туризм, а потом авиацию, неправильные. Крупные державы, да и вообще любая страна, заинтересованная в развитии своей экономики, всегда покупают большое количество воздушных судов.

Я уже много раз говорила в прессе, что если бы наша страна закупила у какого-нибудь крупного концерна 50 самолетов, то это было бы равносильно строительству 50 заводов и фабрик. Чтобы дать своей экономике новый импульс, руководители крупных держав сами едут подписывать многомиллиардные контракты на покупку воздушных судов. Это дело весьма серьезное, поэтому нужно отсечь посредников, непрофессионалов и коррупционеров.

В заводы и фабрики вкладываться очень непросто. Трудно сразу подсчитать, сколько денег требуется в процессе строительства, а тут еще и коррупция подсовывает палки в колеса. Ленточек мы уже перерезали много, но где продукция торжественно открытых заводов? Если же купить самолет, то потраченные суммы видно сразу. Поэтому и закрепилось за воздушными суднами название «летающие заводы и фабрики».

**- Снова стало много авиакатастроф. С чем это связано?**

- Управленцы-теоретики, коих сейчас появилось много, считают, что могут управлять и сельским хозяйством, и авиацией. Но поверхностные знания и отсутствие базового образования ни к чему хорошему не приводят. Такие менеджеры не понимают до конца авиационную специфику. Отсюда – неправильное планирование труда и отдыха пилотов. Последнее – основная причина крушения самолетов.

В крупных авиакомпаниях, где режим отдыха обычно соблюдается, авиакатастроф происходит меньше. Но если человек не спит две ночи, то внимание у него ослабевает наполовину, и действия становятся заторможенными. Пилот даже и не поймет, в какой момент заснул за штурвалом.

**- Вам удалось выполнить сегодня задачу - вывести Казахстан из «черного списка» Еврокомиссии (ИКАО), запрещающего открывать новые рейсы в Европу?**

- Ответ на этот вопрос я, честно говоря, не хочу озвучивать. В Комитете гражданской авиации под видом служебной этики сейчас царит такая забюрократизированность... Сотрудникам нельзя говорить от имени министерства без согласования с пресс-службой. Запрещено использование любых гаджетов – смартфонов, айфонов и айпадов, вообще любых телефонов с функциями видео и фотосъемок. Я считаю, что такие нововведения придумали те, кого можно уличить в коррупции.

### ИГРА В ДЕЛОВЫХ ЛЮДЕЙ

**- Вы не раз говорили, что пришли в Комитет гражданской авиации временно. Но коль вы там, выходит, Казахстан все еще в «черном списке»?**

- Основное замечание было снято. За подробностями можно обратиться в Министерство по инвестициям. Оно поставило себе «галочку» за хорошо выполненную работу, хотя ограничения ИКАО в отношении Казахстана были сняты усилиями «пожарников» – пилотов-профессионалов, пришедших в комитет два года назад. После этого я окончательно утвердилась в мысли, что тот чиновничий аппарат, среди которого сейчас работаю, нужно менять. Профессиональным людям там не дадут работать.

**- ?!**

- Сложившаяся бюрократическая система жестко борется с ними, понимая, насколько она проигрывает на их фоне. Это касается не только рядовых чиновников, но и министров, их заместителей, председателей комитетов. Чтобы сохранить теплое местечко, предпочтительнее взять в ведомство человека почти с улицы – не имеющего опыта работы в этой сфере, не владеющего английским, с проигрышным по сравнению с ними профессионалами образованием. Так образуется огромный пласт чиновников, далеких от реальности.

Часто, оказавшись на позиции какого-то помощника, «удобные люди» лет 15 перекладывают бумажки, но однажды за «хорошую», видимо, службу их вдруг ставят руководить индустрией – и начинается игра в «деловых людей».

Когда говорят, что наша экономика зависит от сырья, от импорта и т.д., это неправда. Есть много успешных экономик, абсолютно не зависящих от этого. Огромное количество теоретиков в управленческих структурах и в чиновничестве – вот основная причина нарастающего кризиса в стране. Как может человек, не работавший ни дня на производстве, решать проблемы целой индустрии? Ладно, просто перекладывали бы бумажки, так ведь они работают на тех позициях, где нужно принимать серьезные решения.

Лет 5-10 назад, в так называемые «жирные» годы, в фаворе были «эластичные» чиновники, потом настало время людей со связями. Сейчас грядет время тех, кто имеет опыт работы на производстве, и тех, кто не топтался на месте, не просиживал штаны на бесконечных заграничных учебах и семинарах за счет государства, а неуклонно занимался самообразованием в самом прямом значении этого слова. Меняться все равно придется. Жизнь требует этого. Кто не захочет сам, его сменят другие, или ... просто сметут.

Но пока профессионалов и опытных производственников на госслужбе мало. Если они и приходят, то система начинает бороться с ними, пытаясь перемолоть и приспособить под себя. Чиновничество воспринимает их приход как вызов и угрозу, как покушение на их кормушку. Поэтому далекие от авиации чиновники придумывают разные тесты: корпус А, Б, тесты по казахскому языку... Но зачем нужно тестировать штучного специалиста, который 20-30 лет проработал в авиации на различных позициях? В итоге профессионалы уходят на другую работу или же вынужденно уезжают за границу.

### ПЕРЕМЕНЫ НЕИЗБЕЖНЫ

**- Коллеги-мужчины, которые пришли вместе с вами в Комитет гражданской авиации, быстро ушли. А вы как Дон Кихот продолжаете бороться и наживать себе врагов.**

- Не скрою, чиновничество тоже не горит желанием видеть меня в своих рядах. Столкнувшись с нештатной ситуацией, они просто вынуждены были пригласить меня и моих коллег-пилотов на работу в Комитет гражданской авиации Министерства по инвестициям и развитию. При этом стараются держать на коротком поводке до следующего «пожара». Конечно, если здесь станет совсем невозможно ни жить, ни работать, то и мне придется уехать. Благо проблем с работой нет, командиров с британской лицензией берут охотно все авиакомпании мира.

**- Чему вы научились, будучи чиновницей?**

- Узнала, что среди чиновников есть большое количество людей, которые идут на откровенную коррупцию, представляя это в виде взятых в долг денег, а органы закрывают на это глаза. Еще я, проработав два года в министерстве, поняла, как принимаются законы: иногда не глядя, иногда – наугад. Все, наверное, помнят абсурдную ситуацию, когда в авиацию могли прийти люди без пальцев на руках или с синдромом короткой ноги. Минздрав пропустил это постановление правительства не глядя. А когда поднялся шум, вынужден был убрать эту норму.

**- А вас подкупить не пытались?**

- Подставить – да, пытались, но подкупить – нет. Все знают, что я на это не пойду. Что касается несостоявшейся подставы, то среди чиновников, пусть и редко, но бывают порядочные люди. Они и предупредили.

**- В прошлом году вы отказывались давать разрешение на вылеты самолетов компании Qazaq air, но они летают.**

- Первоначально я помогала в открытии авиакомпании. Но когда я запросила договор аренды самолета и его стоимости, они отказались ее предоставлять. Поскольку это государственные деньги и спрос за них рано или поздно будет, я лично свою подпись под разрешением на осуществление рейсов не ставила. Разрешение дал другой специалист.

**- И последний вопрос: вы активно выступаете в соцсетях по поводу болезненного для всех нас земельного вопроса.**

- Мое мнение: нужно ограничить продажу и аренду даже нашим собственным олигархам и богатым крестьянским хозяйствам. Лучше дать возможность простому люду брать землю хотя бы в небольшом количестве. Есть мнение, что «наши люди не умеют пользоваться землей». Так это не «наши люди», а чиновники, акимы и акимчики, понахватавшие столько земель, что она вываливается у них из охапки и не используется.

Если земля будет продана олигархам, способным купить целые районы и даже области, то теоретически они могут объявить автономию или вообще изъявить желание отделиться. Естественно, я против таких вещей, потому что для меня, как и других моих соотечественников, важна целостность государства. По этой же причине считаю неверным продажу земли людям одной национальности, компактно проживающим в одном районе или области.







Мерей СУГИРБАЕВА
*(в сокращении)*

**Столетия назад в степях южного Казахстана кипела жизнь. Здесь, на месте опустевших сегодня городов древности, проходили торговые караваны, звенели оружием гарнизоны, возводили новые здания строители, трудились ремесленники. Сегодня руины городищ – пристанище ящериц да черепах. А еще – любопытный объект для редких туристов, забредших в эти иссушенные зноем степи. Кызылординская область – один из самых обширных регионов на юге Казахстана. Она растянулась более чем на 700 км по руслу длиннейшей реки Центральной Азии – Сырдарьи. Столетиями Сырдарья давала жизнь десяткам городов и питала жемчужину региона – Аральское море. Пожалуй, никакой другой регион Казахстана не может похвалиться таким количеством древних городов и поселений. Многочисленные притоки Сырдарьи веками делали эту территорию плодородной и привлекательной для людей. Вдоль русел рек выстраивались города и крепости, руины которых сегодня восстанавливают археологи.**



# ТАЙНЫ, СОКРЫТЫЕ В РУИНАХ ДРЕВНИХ СТОЛИЦ ЮЖНОГО КАЗАХСТАНА



### СЫГАНАК – ЗАБРОШЕННАЯ СТОЛИЦА КАЗАХСКОГО ХАНСТВА

Примерно в 150 км от областного центра Кызылорды лежит в руинах один из самых известных и когда-то богатых городов региона. В записях персидских и арабских историков он появляется с X в. под названиями Сунах, Сунаката, Сыгнак. Сыганак был политическим центром Ак орды, а в XV-XVI вв. дважды становился столицей Казахского ханства. Благодаря тому, что город находился на стыке кочевой степной цивилизации и городской оседлой культуры, он все время своего существования был центром торговли. Казалось бы, все условия для развития и роста. Но процветание имеет и обратную сторону: Сыганак во все века становился желанным трофеем для захватчиков.

В XIII в. Сыганак оказался на пути татаро-монгольского нашествия на Среднюю Азию. За отказ сдаться войскам Чингисхана захватчики сравняли город с землей. Но уже через четверть века после тотального разрушения он отстроился вновь. К этому времени относятся многочисленные керамические артефакты: кувшины, светильники, хумы для хранения продуктов. В XIV в. здесь уже чеканили свою монету.

Захватывали город через полтора века и войска Тамерлана. Но жизнь вновь победила. В послемонгольский период Сыганак становился ставкой золотоордынских ханов. Среди его известных правителей – Тохтамыш, Улугбек и Абулхаир. И практически каждый приходил к власти с мечом в руках.

«На рубеже XV-XVI вв. казахские ханы Бурундук и Султан с братьями начинают поход в сторону присырдарьинских городов. Они захватывают Сауран, Сыганак, воюют за Туркестан и Ташкент с узбекскими правителями из династии Шайбанидов. К этому времени Сыганак стал центром Казахского ханства», – рассказывает старший научный сотрудник Национального музея Казахстана Рустем Дарменов.

Жизнь здесь угасла лишь к середине XIX в. Агония некогда могучей столицы длилась с XVII столетия, когда город полностью уничтожили джунгарские войска. Сегодня Сыганак раскапывают и реставрируют. Когда археологи закончат свою работу, здесь будет музей под открытым небом.

### САУРАН – МУЗЕЙ ПОД ОТКРЫТЫМ НЕБОМ

А вот другой город древности – Сауран. Жизнь в нем датируют VI-XVIII веками нашей эры. Не такой крупный, как Сыганак, но гораздо лучше сохранившийся. Сейчас здесь потрудились реставраторы. На месте Саурана сегодня – музей под открытым небом.

Археологи пришли к выводу, что сперва Сауран располагался в 3 км к юго-востоку. На эту территорию город переехал в период татаро-монгольских войн. В первой половине XIV в. город даже был столицей Белой Орды Джучи-хана. А в XV-XVIII вв. входил в состав Казахского ханства. Сегодня известно, что Сауран был достаточно крупным городом. За его стенами могли жить до 15 тысяч человек.

«Это была мощная крепость. Сохранились многочисленные упоминания на страницах средневековых письменных сочинений о неприступности стен Саурана, о том, что его жители – храбрые воины, они могут выдержать многомесячные осады. Так оно и было несколько раз», – рассказывает руководивший раскопками города археолог Ербулат Смагулов.

До наших дней сохранились остатки центральной площади Саурана. Реставраторы восстановили фундаменты трех основных зданий, каждое из которых представляет собой целый комплекс помещений. Это ханака (что-то вроде постоялого двора), мечеть и медресе. Ученые считают, что именно здесь в XVI-XVII вв. было открыто первое на территории современного Казахстана высшее учебное заведение. В центре медресе находился обширный двор, затем худжеры – небольшие жилые комнаты для учеников.

В медресе в средние века изучались не только богословские дисциплины. Это были еще и центры культуры и науки. Тут занимались математикой, астрономией, медициной. То есть это был аналог современных университетов.

Сауран изучают уже не одно десятилетие. Несмотря на это, древний город снова и снова удивляет своих исследователей. «2-3 года назад нашли большой медный клад монет начала XVII в. 35 кг весом был! Его исследование показало, что и в XVII в. город активно жил, здесь жили богатые люди, которые могли припрятать 35 кг монет», – вспоминает Ербулат Смагулов.

В Сауране удалось восстановить уникальную для древности систему водоснабжения. По всему городу была создана сеть глубоких колодцев (кяризов), они соединялись с подземными галереями, по которым вода с гор могла доставляться в разные части города. Благодаря этому Сауран на многие километры окружали зеленые поля и цветущие сады. Масштабы такой ирригационной системы, существовавшей тысячу лет назад, поражают. Рустем Дарменов отмечает, что Сауранские кяризы – это подземные водопроводы, которые доставляли воду. «Они тянутся почти на 20-30 км. Крупнейший колодец, откуда добывали воду, 150-метровый в глубину. Оттуда воду поднимали, и по подземным водопроводам она доставлялась в город», – рассказывает Рустем. Сохранились свидетельства, что над строительством этих водоводов трудились до 200 индийских рабов. Известно, что подобные системы кяризов до сих пор действуют в отдельных районах Ирана и Туркменистана.





Последние следы жизни в Сауране зафиксировали в первой половине XVIII в. К этому времени джунгарские походы и развитие морских путей ослабляют торговлю по веткам бывшего Шелкового пути. Экономика региона находится в упадке. А большая часть жителей некогда великого города переезжает в новый центр региона – Туркестан.

### ЖАНКЕНТ – ДРЕВНЯЯ СТОЛИЦА ОГУЗОВ

В сотне км от Байконура находятся руины города огузов – древнего тюркского народа, жившего до XI в. в степях Центральной Азии и Монголии. Ученые называют это городище Жанкентом и считают, что именно здесь с VIII в. н.э. находилась столица древнего огузского государства. Известно, что во времена своего расцвета государство огузов включало 24 племени и занимало огромную территорию в полтора миллиона квадратных километров. Под оплывшим холмом обнаружили предполагаемый центр города – почти прямоугольной формы, размерами 325 на 200 метров. Хорошо сохранилась часть стен, видны улицы и следы жилых помещений.

«Еще когда мы учились в школе, находили здесь большие метровые кувшины, горшки, плиточные камни с орнаментами. Потом уже археологи обнаружили дворцовые постройки, алтари, изделия из керамики, украшения из стекла и кости. Видно, что в городе процветал культ животных. Много находок связано с образом кошкара (барана). Например, это многочисленные подставки под очаги в жилищах», – рассказывает учитель истории местной школы, Жетербай Дабылов.

Археологи нашли в Жанкенте большую коллекцию медных монет, бронзовых украшений, керамики. В основном это остатки столовой и хозяйственной посуды в виде хумов, кувшинов, кружек и пиал.

Известно, что в XII в. жители внезапно покинули город. Но ученые не нашли в Жанкенте следов тотального разрушения или пожара. Почему была брошена бывшая столица могущественного степного государства? Точных ответов нет. Сохранилась лишь легенда, по которой за проступок правителя Жанкета на город напали полчища степных змей. Проверить это уже вряд ли удастся. Но змеиные ямы вокруг Жанкента можно увидеть и по сей день.

*qazaquni.kz*




«Ораза – он екі айдың падишасы,
Бұл айда қабыл болар көздің жасы», – деп бұдан бір ғасыр бұрын жырға қосқан Кәрібоз Қаңтарұлы «Мархаба иа рамазан» атты қиссасы мұсылманның бес парызының бірі –ораза айы туралы жырлағанын біздер біле де бермейміз. Себебі, дін тақырыбында жазылған шығарма кеңес заманына дейін жарыққа шығып, халыққа кең насихатталса, кеңес кезінде дін тақырыбы жабық болғаны рас. Шығарманың мазмұны мұсылмандарды имандылыққа, мейірімділікке және адамгершілікке үндеп, рамазан айының құдіретін оқырманға жыр жолдарымен жеткізеді. Қисса 1912 жылы «Қазан» баспасынан арабша жазумен жарық көріп, сол жылдары оқырмандар қолына тиген. Міне, содан бері бір ғасырдан астам өтсе де, оның мән мағынасы жойылмаған қиссаны оқып отырып, көз жеткізуге болады. Көлемі шағын кітапша рамазан айын басқа айлардан ерекше екендігін түсіндіреді. Осынау кітапша Орталық ғылыми кітапхананың сирек қолжазбаларында сақталып келген. Оны біздің қазіргі әріпімізге түсірген, әрі құрастырған филология ғылымдарының кандидаты Тоқтар Әлібек. Және де мұсылмандық тақырыпта дінді дәріптеп жазған дастандар мен қиссалар кезінде көп болса, Қазан төңкерісінен кейін олар жарыққа шыққан жоқ. Бұл туралы кітапты құрастырушы кеңірек тоқталып, солардың ішінде «Мархаба иа рамазан» көпшілік қауымға керек екендігіне аса мән берген.





# М.ӘУЕЗОВ ЖАЗҒАН «ҚИЛЫ ЗАМАНДАҒЫ» КӘРІБОЗ КІМ?

«Мархаба – иа рамазан» – қиссасы бастан аяқ мұсылман баласына және ислам қағидаларынан бейхабар жандарға дін жолына үндесе, оразаның ұлылығын басқа айлардың өзгешілігі мен артықшылығын жоғары дәріптейді. Оны қиссаны оқыған адам бірден аңғарады.

Биссимиллә әл-рахиман әл-рахим,
Алланың атын айтып, көп-көп сиын.
Ораза ұстап, пітірін бермей қойсаң,
Тәңірім қазы болғанда, болар қиын.
Әй, жарандар, ушбу дүние өтер һаман,
Мұхаммед, үмбетіне шаһри рамазан.

Ұлылығы он екі айдың рамазан,
Мазһабында айтыпты имам Ағзам.
Бұл айдың құрметіне кешіледі,
Он бір айдың ішінде қылған жазаң.
Әй, жарандар, үміт қылсаң хор-хылман,
Мұхаммед, үмбетіне шаһри рахман.

Ораза он екі айдың шамшырағы,
Құрмет қылған адамның артық бағы.
Бұл айдың құрметі үшін бір ат берсең,
Жұмақтың беріледі мың пырағы.
Құрмет қыл оразаны болмай надан,
Мұхаммед, үмбетіне шаһри рахман.

Бұл айда күндіз ішпе, түнде ұйқтама,
Садақаны көп қылғын келсе шама.
Бұл айдың құрметіне шығын берсең,
Ұжмақтан беріледі бір мың жама.
Әй, жарандар, әл-рахимулла рахман,
Мұхаммед, үмбетіне шаһри рамазан.

Ораза он екі айдың падишасы,
Бұл айда қабыл болар көздің жасы.
Сахадат, Махрифат, Рахмат,
Он-оннан бөлінеді әр хасасы.
Әй, жарандар, ғибадатқа келсе шаман,
Мұхаммед, үмбетіне шаһри рамазан- деп,

Кәрібоз Қаңтарұлы оразаның мәнін, мағынасын осылай жыр жолдарына түсіреді. Қисса да ораза он екі айдың сұлтаны, қожасы, мырзасы сардары екенін айта келіп, рамазан айы келсе қуанып, имандылыққа бет бұру әр пендеге тән нәрсе екендігін жеткізеді. Мұсылмандықта ораза бес парыздың бірі болса, ол исламда діннің тіреуі деп түсіндіреді. Құдіретті айда шайтан қашып, періштелер оларды шынжырлап аяқ-қолын байлап, хауаиаға жабатынын айтады. Ораза айында шайтан қашып, жұмақтың есігі ашылатынығын ескертеді. Ораза ұстаған жан пітір, садақа берудің маңыздылығына тоқталады.

Айында оразаның шайтан қашар,
Есігін сегіз ұжмақ әулім ашар.
Ораза ұстап, пітірін бермей қойса,
Аспанға шыға алмастан, болар нашар.
Пірадарлар, бес парызды қылғын тамам,
Мұхаммед, үмбетіне шаһри рамазан.

Пітір тәмәм уәжіп халы барға,
Зекетке халы келген малы барға.
Қатын-бала, қызметкер-малайға,
Неше бас бір үйдегі жаны барға.
Әй, назымшы, қалдырма білген заман,
Мұхаммед, үмбетіне шаһри рамазан.

Бидай болса-бес қадақ бір адамға,
Арпа болса-он қадақ әрбір жанға.
Ақша болса- сол бидай бағасын бер,
Әр нәрсе үшін сауаптан құры қалма.
Әлиахатын жазып бақ жетпей қазан,
Мұхаммед, үмбетіне шаһри рамазан.

Пітрің оразаның қанат екен,
Құрмет қылсаң орының жаннат екен.
Алланың сүйген айына құрмет қылғын,
Отынан жеті тамұх азат екен.
Әй, жарандар, кешіледі қылған жазған,
Мұхаммед, үмбетіне шаһари рамазан.

Қиссада ораза ұстаған жан пітір беру парыз болса, оны ұмытпай айт мейрамынан бұрын берген абзал екендігіне көңіл бөледі. Ал пітір айттан кейін қабыл болмайтындығын ораза ұстаған жандарға ескертеді. Дін тақырыбына оның ішінде рамазан айына арналған қисса тек мұнымен шектелмейді. Оразада ішпек, жемек шектеу жасаса, онда бойдың таза ұстау аса құрмет екендігін және жаман сөзді тілге алмауды, ғайбаттан тілді сақтап, жаман көзден де аулақ болуды да айтады. Сонымен қатар, оразаның бір күнін қаза қылмай ұстауға шақырады. Егер де ораза қаза болған жағдайда, оның жазасы қиын болатынын былай түсіндіреді.

Оразаны қастан бір күн қаза қылса,
Кифират, бір құл азат риза қылса.
Иә болмаса, алпыс ашқа тағам берер,
Яки, ұдайы алпыс күн ораза болсын,
ада қылса.
Пірадарлар, момынға бермесін
осал заман,
Мұхаммед, үмбетіне шаһри рамазан.

Егерде, заурат боп сенбе бір күн,
Бір күнге ораза ұстар кейін бір күн.
Бір күнгі бір күнмен ада болар,
Шариғаттың әмірін тұсын әркім.
Пірадарлар, ушбу сөзді ұқын ғаман,
Мұхаммед, үмбетіне шаһри рамазан.

Кәрібоз ұлы Қадір түніне де тоқталып, оның құдіретіне үлкен мән берумен қатар ол күні ұйқысыз иман келтіріп, Аллаға сыйыну, тілек тілеу, жақсылыққа мойынсұнуға үндейді. Отыз күн оразада сахабалар ояу жүретіндігін пендеге ескертеді. Алладан тілеген тілеудің қабыл болуына сендіреді. Қисса да пайғамбарлар мен сахабалар туралы да көп нәрселер айтылып, олардың исламдағы орындарын жіктеп береді.

Жалпы Кәрібоз Қаңтарұлының «Мархаба-иа Рамазан» қиссасы уақыт өтсе де, мұсылманның бес парызының бірі – оразаның барлық жақсылық жағын терең ашып беретіндігімен құндылығында. Және оразаға тән жайттардың барлығын қамтып, мұсылманның бес парызының бірі екендігін көпшілікке жыр жолдарымен жеткізді. Бұдан біз Кәрібоз Қаңтарұлының діннен мол хабардар ілімді жан екенін байқаймыз.

Ал осындай қиссаны жазған Кәрібоз Қантарұлы кім екеніне тоқталсақ, ол 1916 жылғы Жетісудағы «Қарқара» көтерілісінің басшыларының бірі болған. Оның есімі атақты жазушы Мұхтар Әуезовтің «Қилы заман» кітабында жиі кездессе, көтерілісшінің басшыларының бірі ретінде абақтыға жабылып, Қарақол түрмесінде атылады. Ұлы жазушының кітабында абақтыға қамалғандардың ішінде ақ патшаның терушілері Жәмеңкеге у бергендігі суреттеледі. Сонда Жәмеңке көз жұмғанда Кәрібоздың құран сүрелерінен «ясинді» оқи бастады деген сөйлем бар. Демек Кәрібоз дін жағынан сауатты молда болғандығын осы жол аңғартады. Көп кешікпей абақтыдағы Қарқара қаһармандарына ақ патша солдаттары оқ жаудырып, оларды қырып тастайды. Жасы алпыстың мол ішіне келген Кәрібоз осылай мерт болады.

Кәрібоздың есімі жазушы-ғалым Тұрсын Жұртбаевтың «Бейуақ» кітабында де көп кездеседі. Онда оның есімі көтерілісшілердің басшысы ретінде айтылып отырады. Жақында ғана «Тоғанай Т» баспасынан жарыққа шыққан Жетісудың белгілі ақыны Көдек Байшығанұлының «Қайтейін, жалған дүние...» атты жыр кітабында Кәрібоз есімі албанда ерекше аталатындығы үлкен тарлан мағынасында ілімді молда болғандығын жырға қосады. Ақын қисса авторын жоғары бағалауы бұл жайда тегін емес. Себебі, Ұзақ, Жәменкені және оның айналасындағыларды Көдек өз көзімен көріп өссе, барлығы бір заманның адамдары. Сондай халыққа шапағаты тиген жандарды Көдек ақын жырға қосып, олардың ел ішіндегі беделін айқындап береді. Олардың ішінде Кәрібоз да бар.

Сондай-ақ, Кәрібоз оқыған, көзі ашық, көкірегі ояу, әділеттілікке жүгінген өз заманында турашыл азамат болғандығын Қарқара көтерілісінің сабаздарының бірі І. Дәлденбаұлының естелгінде айтылады. «Кәрібоз Қантарұлы парсы-арабша жақсы білген молда кісі еді. Сол заманда патшаның «Шолпан жұлдыз», «Ұшқын» деген газеттерін оқитын. Кәрібоз газет оқып, жұртқа сөз таратушы деп ұсталды. Ұзақ Кәрібозды қасынан тастамаушы еді. (Қарқара айбаты. Алматы . «Өлке», 1991. 175 бет) деген жолдар бар.

Міне, «Мархаба-иа рамазан» қиссасың авторы туралы қысқа дерек. Алайда, ілімді молданың бұл қиссадан басқа да дін тақырыбында жазған туындылары болғанын анық. Оны Тоқтар Әлібек те айтады. Бірақ ол шығармалар бізге жетпеуі өкініштіақ. Және де Кәрібоз жөнінде ізденуші зерттеушілердің жоқ болуы.

Жалпы айтқанда Кәрібоз Қаңтарұлының «Мархаба иа Рамазан» қиссасы мұсылманның бес парызының бірі ораза туралы дін тақырыбында жазылған алғашқы шығарма. Ол қашан да өз құндылығын жоғалтпайды.

*Жексен АЛПАРТЕГІ*




Дайындаған: Қажымұқан ҒАБДОЛЛА

## ӘЗІЛ-ШЫНЫ АРАЛАС

*Студенттік шақты өмірдің ең қызықты, ең жайдарлы кезеңі деп жатамыз. Ал төмендегі оқиғалар бұл сөзіміздің дәлелі бола алатындай. Назарыңызға бір топ әзіл ұсынамыз.*

*Қалада оқып жүрген ауыл қызы ауылына қайтып бара жатса керек.*
*– Ағай, ауылға барғанский?*
*– Да-да!*
*– Ағай, қашан жүргенства?*
*– Міне, қазір жүреміз.*
*– Ой, ағай, қазақша білем деп айтпайсыз ба, бағанадан бері сізге орысша сөйлеп тұрсам...*

*****

*Екі студент әңгімесі.*
*– Түсімде сенен қарыз ақша алыппын.*
*– Оны енді қашан қайтарасың?*
*– Тағы бір түс көргенде қайтарамын.*

*****

*Бірде бір студент қалалық топтас досын ауылдағы үйіне қонаққа алып барады. Бара сала апасы дастарқанға әкелген астан дәм тата бастайды. Қалалық жігіт досының апасы жасаған тағамды ұнатпағандығын білдіру үшін:*
*– Апаңа айтшы, мынау кешегіден қалған ас емес пе, дәмі біртүрлі ғой, – дейді. Мұны естіп қойған апасы:*
*– Айналайын, бұл алдыңғы күнгі тамақ, кешегі тамақты ертең жейсіңдер! – деген екен.*

*****

*Студенттер асханасы:*
*– Апай, бір порция манты беріңізші.*
*– О, жаңалық қой! Шәкіртақы алдың ба?*
*– Жоқ! Және 5 қасық беріңіз!*

*****

*– Әкешііім, бетіңнен сүйсем бола ма?*
*– Ақша жоқ, қызым.*
*Мамаң кеп сүйіп кетті...*

№17 санда шыққан сөзжұмбақтың жауабы




**Ат күші – бұл бір секундта 30,48 см биіктікке 247,5 келі салмақты көтеру энергиясы. XIX ғасырдың соңында шотланд инженері Джеймс Уатт (1736—1819) өзі құрастырған бу қозғалтқышындағы су айналымының қуатын өлшеуге ат күшін алады. Себебі қозғалтқышқа дейін су тарту жұмыстарында жылқылар пайдаланылатын болған.**

# НЕГЕ КӨЛІКТІҢ ҚУАТЫН АТ КҮШІМЕН ӨЛШЕЙДІ?

Джеймс ат күшін анықтау мақсатында бірнеше жылқыны тәжірибеден өткізеді. Сонымен орта қуатты жылқы мүмкіндігінше бір минутта 67,5 келіні 66,7 метрге жеткізе алыпты. Осылай бір аттың күші секундына 745,2 джоуль есебіне теңестіріледі.

«Ат күші» термині автомобильдер өндірісі қолға алынғаннан бері ара-тұра қолданыла бастаған. Қазіргі кезде де көлік немесе авиация қозғалтқыштарының қуатын анықтау үшін қолданылып келеді. Орта қуатты көліктің қозғалтқышы сағатына 80 шақырым жылдамдыққа жетуі үшін кем дегенде 20 ат күшіне ие болуы керек.

Көлік өндірісі ілгерілеп дами бастаған кезде, алғашқы толыққанды жұмыс істейтін бензинді қозғалтқышты Карл Бенц пен Готтлиб Даймлер ойлап табады. Өздерінің атсыз жүретін арбасын құрастырғаннан кейін Бенц пен Даймлер екі бөлек жұмыс істей бастайды. Екеуі де іштен жанғыш қозғалқыштарды ары қарай дамытып, көлемін де біршама кішірейте алды.

Бенц өзінің үш дөңгелекті көлігін 1885 жылы, ал Даймлер төрт дөңгелекті көлігін 1887 жылы шығарады. Дегенмен олар алғашқыда ат күшімен өлшенбеді. Себебі бу қозғалқышының технологиясы екі неміс өнертапқышының жасаған құрылымынан мүлде өзгеше болатын. Дегенмен, бұған дейін 1826 жылы лондондық Самуэл Браун бензин қозғалтқышына шамалас болатын құрылғымен жүретін көлікті шығарып, оның қуатын 4 ат күшіне теңеген. Одан кейін де аталған терминбіршама ұмытылып, қолданыстан шығып қалады.



Бірақ не болғанмен алғашқы қозғалтқышты құрастырушылардың идеясы кейін қолдауға ие болып, «ат күші» көлік қуатының бір өлшемі ретінде тіркеледі.

massaget.kz



# АЛТЫН – ЖЕР СЫЙЫ, АЛҒЫС – ЕЛ СЫЙЫ

**Былтыр «Егемен Қазақстанда» Дулат Исабековтің «Биікке беттеген қазақ киносы» атты көлемді мақаласы жарияланды, биыл «Қазақ әдебиетінен» Әлібек Асқаровтың айқара екі бетті алып жатқан «Қазақ мәдениеті асқан асулар» атты толғауын оқыдық. Екі бірдей атақты жазушының ұлттық мәдениетіміз жайлы мақала жариялауы тегін емес, мұның терең сыры, айтылар жыры бар.**

Ол сыр, ол жыр – ұлттық мәдениетіміздің соңғы жылдары өзіміздің ғана емес, өзге елдердің де таңдайын қағып, тамсандырған тамаша табыстары. Бір ғана мысал «Алмас қылыш», «Әміре», «Алтын тақ» көркем фильмдері арқылы кенжелеп қалған қазақ киносы асқаралы асулардан асып, Алатаудың ақбас шыңындай биікке көтерілді. Оңайлықпен келмеген осы аса айтулы табыста өнер саңлақтарымен бірге Мәдениет және спорт министрі Арыстанбек Мұхамедиұлының ерлікке тең ерен еңбегі бар. Ол Америкаға барып, «Голливудтан» режиссер шақырып, «Әміре» фильмінің сәтті шығуына ұдайы көңіл бөліп, түсіруші топқа көп көмек, нақты қолдау көрсетті. Нәтижесінде, Әміре атын, яғни қазақты әлемге қайта таныткан айтары анық, бояуы қанық үздік фильм өмірге келді. Спорт пен өнер саласындағы жемістер мен жеңістерде де Арыстанбек Мұхамедиұлының қолтаңбасы барлығы айдай анық, шығар күндей шындық!

Кісілігіне кішілігі сай Арыстанбекті көргенде ойыма Эпиктеттің: «Күллі ғажайыптардың ішіндегі ең тамашасы – жақсы тәрбиеленген адам» деген сөзі оралады. Арыстанбек Мұхамедиұлы – қазақ мәдениетін аса үлкен биікке көтерген өте қарымды, аса алымды, көрнекті мемлекет қайраткері. Арыстанбекті қазақ мәдениетін асқар шыңға шығарған Темірбек Жүргенов, Ілияс Омаров, Өзбекәлі Жәнібеков сынды ұлт үшін ұлағатты істер атқарған ұлы тұлғалармен иықтасып тұрған аса іскер, асқан еңбеккер, аса қарымды мемлекет қайраткері деп танимын. Бұл – бір менің ғана емес, бүтін зиялы қауым, бүкіл халықтың ортақ ойы. Бұған айтулы жиындарда ел ағалары айтқан парасатты пікірлер айқын айғақ.

«Жақсы адамды көргенде оған теңелу жайлы ойлан» депті Конфуций. Тағы бір кемеңгер Фридрих Ницше: «Қайсар да қажырлы әрі табанды адам ғана өзі туралы үндемей жүре алады», – дейді. Осы сөздер Арыстанбек Мұхамедиұлының бітімі бөлек бекзат болмысына сай келеді.

Өз басым Арыстанбек Мұхамедиұлының елшіл, мемлекетшіл, халықшыл қасиетіне сан мәрте куә болдым. Көзқаракты оқырман қаныш – жақында Ташкентте Қазақстанның Өзбекстандағы жылы Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен салтанатпен ашылды. Сол форумға қатысудың сәті түсті. Сонда Қазақстан өнер саңлақтарының концерті кезінде Өзбекстан президенті Шафкат Мирзиеевтің риясыз көңілмен қол соққанын, ол қошеметті Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы қостағанын көзімізбен көріп, көңіліміз көкке өрледі. «Біржан-Сара» операсының үзіндісімен басталып, классикалық өнерімен өріліп, Әлібек Дінішев, Айман Мұсаходжаева, Майра Мұхамедқызы, Димаш Құдайбергеновтің талантымен көмкерілген концертке бес мыңнан астам өзбек бауырлар аса риза болып, залды шапалақ үні жаңғыртты. Мәдениет саласында жүрген кісілерден естігеніміз – Арыстанбек Мұхамедиұлы осы концерттік бағдарламаның түзілуін ғана емес дайындығына да өзі бас-көз болып, тікелей басшылық жасапты. Сонда біздің ойымызға өткен ғасырда Қазақстанның Мәскеудегі онкүндігіне баратын әншілер дайындығына қатысып, ақыл, кеңес берген нарком Темірбек Жүргенов оралды. Жақсының жарасымды жалғасы, ұлт үшін ұлы істер атқарған тұғыры биік тұлғалардың мұрагері деген осы.

«Өзін ойлаған – құлқының құлы, халқын ойлаған – ұлы» дейтін халық даналығын «Ең алдымен ел қамы, сонан кейін қалғаны» дейтін Қадыр Мырза Әли сөзін жиі айтады Арыстанбек.

Өзін ғана ойлаған
жамандықтың белгісі,
Өзгені де ойлаған
адамдықтың белгісі.

Арыстанбек Мұхамедиұлының өзгелерді жиі ойлап, көп кісіге көмек қолын созып жүргенін де білеміз.

Арыстанбек Мұхамедиұлының интернеттегі өмірдерегіне көз жүгіртсек, оның бүкіл өмірі мәдениет саласына байлаулы екен. Мәдениет министрінің көмекшісі, одан да кіші қызметтерден бастап тек мәдениет саласында еңбек етіп келеді. Бүгінде оның министр, ғылым докторы, басқа да бірсыпыра атақтары бар. Бүгінгі биігіне «Арыстанбек онай көтерілген жоқ. Онай бақыт болмайды, оңай жолды іздеген ешқашан да оңбайды. Арыстанбек өз замандастары сияқты қиындықтар көрген болар».



Елшіл, халықшыл, мемлекетшіл, ұлтшыл Арыстанбекті бүгінгі биігін көтерген табиғи талант, ақыл-парасатпен бірге осы еңбек – ел үшін істеген ерен еңбек! Содан да ол Елбасы мен елдің алғысын алған азамат! Алтын – жер сыйы, алғыс – ел сыйы. Ел сыйынан қымбат не бар?!

Жүсіпбек Аймауытов 1918 жылы 2 қазанда «Абай» журналында жарияланған «Ұлтты сүю» атты мақаласында: «Оқығандар! Бұл уақыт – жан тыныштығын іздейтін, қызық қуатын уақыт емес, біз қызмет қылатын, еңбек сіңіретін уақыт. Ойланыңыздар: халық біз үшін емес, біз халық үшін туғанбыз. Олай болса мойнымызда халықтың зор борышы, ауыр жүгі жатыр», – деп жазды. Тарихи ұлы тұлға Жүсіпбек Аймауытовтың осы сөздері мемлекеттік қызметтегі елшіл, халықшыл, ұлтшыл, мемлекетшіл Арыстанбек Мұхамедиұлының адастырмас ақ жұлдызы, бақ жұлдызы!

«Если не будет у нас достойного искусства, не будет страны. Никакая экономика, никакая политика – ничто кроме подлинной культуры, не поможет нам поднят голову» деп жазыпты үлкен театрда жарты ғасыр жұмыс істеген ұлы режиссер Борис Покровский. Осы ұлы ой, ұлағатты сөз басшымыздың да, басқамыздың да әрдайым жадында жүрсе нұр үстіне нұр.

Тауда туған тау ұлы тауға қарап өседі. Талғар тауының бауырында туған Арыстанбек балалық балғын шағында, бозбалалықтың таңында тауға қарап, асқар асулардан асуды армандамады дейсің бе? Сол кездегі армандар, Құдайға шүкір, бүгінде орындалды. Орындалғаны сол емес пе, еңбегімен елге танылған халықтың алғысына бөленген қоғамда өз орны бар қайраткер ол...

**Сәбит ДОСАНОВ,**
**жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты**

Меншік иесі:
«Қазақ үні» ЖШС
ҚАЗАҚ ҮНІ
Президент – Редакторлар кеңесінің төрағасы – Қазыбек ИСА

Бас редактор – Күлтөлеу МҰҚАШ
Бас редактордың бірінші орынбасары – Зейнолла АБАЖАН
Бас редактордың орынбасары – Азамат ТАСҚАРАУЛЫ
Жауапты хатшы – Гүлмира САДЫҚ
Бөлім редакторлары:
Дастан ЕЛДЕС (орыс редакциясы)
Айнұр АХМЕТ (мәдениет)
Нұржан АСАН (көркемдеуші)
АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Астана тілшілер қосыны:
Азамат ТАСҚАРАУЛЫ (8-702-931-89-86)
Жасұлан ИСА (8-776-120-19-72)
Ақмола облысы:
Бақыт СМАҒҰЛ (8-701-626-77-66)
Арқалық қаласы:
Нұрсұлтан НҰРМАН (8-702-688-84-87)
Алматы облысы:
Айтақын БҰЛҒАҚ (8-702-239-62-99)
Мәди ИСЛАМ (8-775-119-12-13)
Мырзағали НҰРСЕЙІТ (8-701-771-6496)
Қанат БІРЖАНСАЛ (8-775-323-0850)
Батыс Қазақстан облысы:
Қажымұқан ҒАБДОЛЛА (8-701-111-61-05)
Жезқазған қаласы:
Жанат АСАНҚАЛИ (8-702-384-12-00, 8-707-261-20-98)
Сәтбаев қаласы:
Абдолла ДАСТАН (8-(71063) 7-20-97, 8-777-302-46-79)
Қарағанды облысы:
Ахметқали ХАЛЕНОВ (8-701-450-30-18)
Қостанай облысы:
Төлен РАМАЗАНҰЛЫ (8-701-174-06-70)
Семей қаласы:
Рахат АЛТАЙ (8-775-998-15-39)
Маңғыстау облысы:
Сағындық РЗАХМЕТ (8-775-379-84-88)
Түркістан облысы:
Әбдіғаппар АЙДАР (8-702-475-75-66, 8-771-390-73-75)
Асылхан ӘЛІ (8-701-626-88-32)
Түркістан қаласы:
Әтірғүл ТӘШІМ (8-702-489-47-23)

Атқарушы директор – Қаныш ЖАРЫЛҚАСЫН
Тарату бөлімі:

Астанада:
Жасұлан ИСА (8-776-120-19-72)
Шымкентте:
Мұтән ИСМАЙЫЛ (8-701-692-1340),
Астанада «Алты Алаш» (87015728847) дүңгіршіктерінде сатылады
Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде 19. 12. 2012 жылы тіркелген. Куәлік №13976-Г (Алғашқы куәлік №1270-Г, 01. 08. 2000 жыл).
Автордың пікірі мен редакция көзқарасы сәйкес келе бермейтінін ескертеміз.
Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды.
Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді.
Газеттен көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы шарт.
Газетте «Қазақпараттың» материалдары пайдаланылды.
Газет «Қазақ үні» компьютер орталығында беттелді
АЙЛЫҚ ТАРАЛЫМЫ – 60 400
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ – 65380
Редакцияның мекен-жайы:
050006, Алматы қаласы, Қалқаман-3 ықшамауданы, С. Сейітов көшесі, 11 үй
Байланыс телефоны:
8 (727) 398-57-31
E-mail: qazaquni2000@gmail. com
www. qazaquni. kz
Кезекші редактор – Дастан Елдес

ТОО «Қазақ үні»
БИН 000540006784
ИИК KZ508560000000385541
АГФ АО «БанкЦентрКредит»
г. Алматы, БИК KCJBKZKX, Кбе 17
Газет «Алматы-Болашақ» баспаханасында басылды. Алматы қ., С. Мұқанов к., 223 б.
Көлемі: 6 баспа табақ
(А) – материалдың жариялану ақысы төленген

ҚАЗАҚТЫҢ МҰҢЫ МЕН ШЫНДЫҚТЫҢ ЖЫРЫ – «ҚАЗАҚ ҮНІ» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗДАР!
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ – 65380
*«Қазпошта» арқылы жазылу бағасы:*

| | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 ай | қала | 379,24 | 3 ай | қала | 1137,72 | 6 ай | қала | 2275,44 | 12 ай | қала | 4550,88 |
| 1 ай | ауыл/аудан | 397,86 | 3 ай | ауыл/аудан | 1193,58 | 6 ай | ауыл/аудан | 2387,16 | 12 ай | ауыл/аудан | 4774,32 |